

НҰРГҮЛ ОҚАШЕВА

ҰҒАР



Нұргүл Окашева

Нұр

61121

Уш

УДК 821.512.122-1

ББК 84 (5Қаз)-5

О-52

Нұргүл Оқашева

Нұр

Алматы: - Алейрон, 2021, - 108б.

ISBN 978-9965-476-73-0

Осыған дейін екі жыр жинағы жарық көрген ақын Нұргүл Оқашеваның бұл жаңа туындысына әр жылдары жазған лирикалық өлеңдері мен түрлі тақырыптағы мақала, сұқбаттары еніп отыр. Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ISBN 978-9965-476-73-0

УДК 821.512.122-1

ББК 84 (5Қаз)-5

ISBN 978-9965-476-73-0



9 789965 476730

Нұргүл Оқашева, 2021
«Алейрон» баспасы, 2021



Нұргүл ОҚАШЕВА

Бірінші бөлім

Жүрекке мұңның мөрін таңба қылып,
Тағы да алдадыңыз.
Алдады үміт...
Суалып көңілімнің гүл-реңі,
Жанымда қала берді арман ұлып.

Шарасыз шердің шарлап шартарабын,
Өкпелеп кімге кінә арта аламын?
Сүйсініп, ессіз сүйіп Сізді ғана,
Ғаламның ғазал мұңын арқаладым.

Сіз енді сезім жайын сөз етпеңіз,
Біз енді бірімізге бозөкпеміз.
Мендегі сезім өлген...
Өлгенді айтып,
Қайтеміз өрт түсіріп өзекке біз?

Жалғамай тілегімді тілегіме,
Мұң сыйлап сезім өлді гүл-өңіме.
Күнәсіз көз жасыма жуындырып,
Жерледім жүрегіме.

* * *

Сізді іздедім...
Таба алмадым...
Таппадым...
Бара бердім бір қыдырған баққа мың.
Сұрап едім біз сүйенген теректен,
Ол да менен ала қашты ат тонын.
Шырылына құлақ аспай жанымның,

Сағынышқа барып тағы таңылдым.
Үмітіме жетектеген қолымнан,
Сонарынан сая берді сағым-күн.

Сізсіз, аға, өмір нұры тым әлсіз,
Мүмкін мендік мүшкіл халді ұғарсыз.
Ақбауыр-бұлт аспан жақты мекендеп,
Сіз де мені іздеп жүрген шығарсыз.

Жан жүрегім жанып, ысып, сыздап та,
Қалшылдаймын қалған жандай мұздақта.
Жер бетіне қашан соғып кетесіз,
Қарай-қарай көзім талды сіз жаққа?!

* * *

Аздап бақыт, бар басымда аз қайғы,
Күндерімді түндеріммен жалғайды.
Көшкін бұлттың көлеңкесі секілді,
Арманым да алдайды.

Бақытыма оймен жетіп күні-түн,
Тәңір тартқан сыйдың ашам құлыпын.
Кей достардай көре алмайтын күлкімді,
Жалғанбайды үмітім.

Моншақ тізіп мұңайғанда мен үнсіз,
Өлең оқып жұбатқан да едің сіз.
Мені қатты сүйем дейсіз, сенемін,
Сенімім де сенімсіз...

Өкініш

Көмескі ойлар көңілге сеуіп қаяу мың,
Есіріп жүріп аспадым құлақ есті үнге.
Еркелікпенен етегін ұстап анамның,
Есейгенімді есіме алдым кеш мүлде.

Көріксіз мінез көңілден қалай өшер мұң,
(Содан-ау, бәлкім, қайырылып жүр қанатым.)
Аспандағыны әпер деп байғұс шешемнің,
Тауысып біттім топшысы тастай тағатын.

Белімнен түскен бұрымым бұйра. Өргеннің,
Ғажап деп жүріп мазақ қып кеттім талғамын.
Қалаға барып шаштараз іздеп сенделдім,
Бүгінгі күннің Жібегі болу арманым.

Анамның тұнық тілегін аяқ асты ғып,
Жетесізбін-ау жеңілтек ойды жөн деппін.
Әкетайымның қабағы жасап жат қылық,
Тіл қатпай қойды он бес күн.

Түсіндім бәрін, түсінбеу енді жат ұғым,
Орынсыз жерде ойнақтамаймын есіріп.
...Таяздап барып ұзарып кетті ақылым,
Бұрымым қалды кесіліп...

Құмыра

Жалынға денем шарпылып жатқан шақта бұл,
Құбыла бермей құрағым келді басқа жыр.
Құмыра жайлы толғаншы дейсің, қарағым,
Толқындай тулап тумайды, әттең, қасқа жыр.

Өткенім еске оралды, көңіл, жасыма,
Бала кезімде ойнаушы ем киіп басыма.
Көк құмырасын Мәрия деген көршімнің,
Сылаңдап жүріп сындырып алдым қапыда.

Сындырған сәттен тұмшалап алды сынық мұң,
Үкілеп жүрген үзілді жібі үміттің.
Сол сәттен бастап құмыра атты ойынды,
Ойымнан сыздым, ойынның бәрін ұмыттым.

Ұмыттым бәрін, еркелік қалды артымда,
Атанып жүрмін біреуге, бәлкім, нар тұлға.
Мәрия көршім сол құмырадай сын деген,
Сынбай келемін сан сынақтарда, сан сында.

Құмыра көрсем ішіде жүрер мұң бұғып,
Үркіп кетеді білмеймін неден нұрлы үміт.
Құмыра көрсем ... жақындауға да жасқанам,
Абайсыз тағы аламын ба деп сындырып...

...

Көп сұрақты... көкірек тұсымды ала,
Көк – бел оймен көмкердім құшырлана.
...Мен көктемді жыр қылдым, көктемге емес,
Саған ғашық болғаным үшін ғана.

Саған деген шексіз-ді ұмтылысым,
Көңілімді кептейді-ай күрсінісім.
Жүз күнімнен дайынмын безінуге,
Өзіңменен өткізер бір күн үшін.
Ол да қиял... Қиялды үгітті өлең,

Сыр бергендей сырқатым сынып кемем.
Ұлпа қардай үлпілдек үмітпенен.
Нәрестенің мүбәрак иісіндей,
Сезіміммен тыныстап... жүріп келем.

Аласұрдым, алқындым – бекер мұным,
Қалай, қайтіп ұқтырам, нетем күнім?
Менің мінсіз күлкім мен қуанышым,
Сенің тәтті жеңісің екендігін.

Жәудіреген жанардың жасы күліп,
Күйзелісті мендегі тосып үміт.
Кірпігімнің үстінде жалған күлкім,
Ал астында мұным тұр жасырынып.

Көңіліме көкпеңбек арман қонып,
Бірде жырға жасаймын жалған жорық.
Осылайша отырам бар ашуды,
Жазығы жоқ өлеңнен алған болып.

Көп сұрақты... көкірек тұсымды ала,
Көк – бел оймен көмкердім құшырлана.
...Мен көктемді жыр қылдым, көктемге емес,
Саған ғашық болғаным үшін ғана.

Өткен күн мен өкініш

Кешқұрым
Ауылдың ару қызына үйленгенінді естідім.
Естідім де тарыдай жанарларымды төңкеріп
алып,
Күні-түні көрпені үстіме көмкеріп алып.
Өксідім.

Өкпек жел өсек тасиды маған сен жақтан,
Сенің дауысың: “«Кешірші, кешір, кеш күнім»
Жанымның сөгіп көбесін мейлі,
Жылжысын дедім бес күнім.
Күні-түні ,
Сағынып күттім жанардың сарқып бұлытын,
Қайтеін алдап кетті ғой,
Сарғайғн сары сағыныштардан,
Іңкәрліктерден, бағыныштардан,
Үкі тағынған үмітім.
Біреуге – бақ, біреуге – со ғашықтық,
Маған болды ұлы сын.
Құрысын!
Ақпанда,
Есінде ме мен оқуға кетіп бара жатқанда,
Қарап тұрып ақ қарға,
Саған деген сезімдерім ақ қардан да аппақ
деп,
Сен емес пе ең мойыныма аппақ алқа таққанда,
Үлбіреген шаштарымды иіскеп,
Ұқсатқан ең мақпалға,
Он жыл мейлі өмір бойы күтем деп,
Сен емес пе ең жүрегіме сезім отын жаққанда.
Сені сүйдім, сені сүйдім – себебі,
Ұқсамайтын едің ғой сен жат жанға.
Өтінем
Кешір дейсің, қорға дейсің ар азабы өтінен,
Менің тауым шағылғанда бетінен,
Талапайға салып тағдыр шетінен.
Жекіген.
Бүгін мен пәк сезімім үшін,
Сен қорлаған сенімім үшін
Өкінем.

Өкінем де амалсыздан кешірем.
Әлі менің жүрегімде сенің салған жалаң бар ,
Жан шуағы, жан шынары,
Көз жасымның тамшылары.
Сақтаулы тұр санамда әр.
Қойшы тәйірі, өтіпті ғой екі жыл,
Ал сенің екі балаң бар.

Бақыт – құбыла

Өмір мені өгей қызым дегендей,
Өлшеп берген қуанышын бұлдайды.
Жанымды жеп жазылмаған өлеңдей,
Жігерімді жаныштайды бір қайғы.

Сонсоң қайта жабысады налам боп,
Гүл-үміттің үзіп тастап сабағын.
Сонда да мен аласұрам бағам деп,
Е-е-х, тоңмойын тірлігімнің қабағын.

Қажытуға құмар неге құлқыны,
Арыла алмай шат күнімді аңсадым.
Жарылардай...
Күмілжіген күлкіні,
Қолдан жасап алудан-ақ шаршадым.
Ойларымды күндерім жүр ойқастай,
Мысыктілеу неге бәрі қас маған?
Менің жаным жақпар-жақпар жартастай,
Толқын ұрып тастаған.

Жанарымның жалынышты етегі,
Бақыт жолын мына маған нұсқар кім?
Кейде аспанға жыр жазғым кеп кетеді,
Қанаттарын қалам қылып құстардың.

Өмір мені өгей қызым дегендей,
Өлшеп берген қуанышын бұлдайды.
Жанымды жеп жазылмаған өлеңдей,
Жігерімді жаныштайды бір қайғы.

Бақыт іздеп бөлдім неге бекерге ой?
Құлақкесті құлшылығым – мұратым,
Бақыт біткен құбылада екен ғой,
Менмұндалап тұратын.

* * *

Жүрегіме жамай бермей сынын да әр,
Тәңір жазған тағдырымды ұғындар.
Бес-ақ күндік бейопа бұл жалғанда,
Мына менің Сізден басқа кімім бар.

Сіз әйтеуір қолтығымнан демейсіз,
Есіркейсіз, еркелетіп, елейсіз.
Қарындасым деп сыртымнан қам жасап,
Жылап жүрсем жұбатасыз, жебейсіз.

Отқа түссем шыр-пыр болып күйесіз,
Масаттансам маңдайымнан сүйесіз.
Жан даусымды тыңдаңызшы, жүректің,
Дүрсіліне тек сіз ғана иесіз.

Көңілімде күй боп тұнды көмескі үн,
Оны ешкімге тыңдатқан да емеспін.
«Жылауық» деп жазғырғаны болмаса,
Сіздей болып түсінбейді мені ешкім.

Тағы келді тағдырларға күз, міне,
Терек соңғы жапырағын үзді ме?
«Қатігез» деп кінә артқаны болмаса,
Мендей ешкім түсінбейді сізді де.

Сезіміміз еңтігумен ескірген,
Көңіліміз мерзімінен кеш күлген.
Біздің өмір дауылпаздың дыбысы,
Тек алыстан әдемілеу ескірген.

Жылағанда жұбанышым сен ғана,
Хат жолдайсың сұрап-біліп халімді.
...Астананың аязына мен жаңа,
Тұнжырадым тоңдырып ап жанымды.

Сарышұнақ сарсаңға сап не түрлі,
Көңілімді қалдырып жүр күн суып.
Алмағайып ауа райы секілді,
Бұл мекеннің адамдары тым суық.

Мендей мүмкін мейірбан жан табылар,
Амалдаған ардың ғана сотымен.
Саған деген сезімімді сәруар,
Сақтап жүрмін сағыныштың отымен.

Сіз кеттіңіз жаныма мұң табыстап,
Мұң табыстап көріксіз һәм шырайлы.
Жүрегімнің дерті болып жабысқақ,
Жанарымның жауһарлары құлайды.

Тағдырымның шешімімен келіспей,
Кектенемін... Ұғарсыз.
Өзегінен суырылған жемістей,
Менің жаным тым әлсіз.

Сыңар қанат сырлы сезім бар мұнда,
Жақ болатын бастан бағым қашқанда.
Аппақ-аппақ бұлттарға орап алдым да,
Тығып қойдым аспанға.

Соны неге бір көруге құмарсыз,
Мазалай ма жаныңызды жиі осы.
Көрген сайын еске алып тұрарсыз,
Тым...тым асқақ сезімімнің иесі.

* * *

Ескірмейтін естелігің едім мен,
Жыл өтсе де тұра берер жаңғырып.
Өшірсең де өшпес өмір, көңілден,
Таусылмайтын тақырыбың мәңгілік.

Ал сіз кімсіз?
Таудың тарғыл тасысыз.
Морт сынатын сынасам.
Бар болғаны жанарымның жасысыз,
Жерге түсіп жоқ болатын жыласам.

Ерегістен тіктелмейді еңсеңіз,
Сізді ессіз сүйіп келем сенсеңіз.
Өмірімнен мәңгі сызып тастар ем,
Сағынбаудың жолын тауып берсеңіз.

Тіпті, жыр да жалау болмай жаныма,
Жанар жасым ие болды тағыма.
Көлге айналып сағыныштың тамшысы,
Тереңіне батырады тағы да.

Жан даусымды тыңдамайсыз ұғып сіз,
Оны естуге мына әлем де құлықсыз.
Сонда дағы жүрек сізді сүйеді,
Үмітімен үмітсіз.

Өміріңнің өтінде едім, тондым ба,
Біз әйтеуір содан бері мұңдымыз.
Асығыстау бақыт болып қондың да,
Баянсыз боп тындыңыз.

Күле де алмай күңгірт көңіл күрсінді,
«Ертеңі» жоқ ессіз ғана сүйіппін.
Өзегіне су жетпеген гүл сынды,
Солып барам, сүйіктім.

Солып барам сүйресе де өрге өлең,
Арманымның арнасы.
Гүл-сезімді суарайын шөлдеген,
«Сүйемін» деп алдашы.
Тым болмаса

Алтын жарым

Алтын жарым,
Маңдайыма жазылған жарқын бағым.
Көзсіз сізді сүйіп ем қыз күнімде,
Әлі сол қалпымдамын.

...Көңілімді қалдырды күз де жаңа,
Күзге өкпелеп кінә артқан біз де бала.
Алмағайып тірлікте адасқанда,
Ақтарылдым ағымнан Сізге ғана.

Шыжып тұрған шілдеде тондым, жаным,
Тоңған нәзік жаныма қол бұлғадың.
Өз басымды аяққа тастай салған,
Өсегіне күндестің қор қылмадың.

Қиылса да қансырап тілерсегім,
Сіз бар жерде жанымда жүрер сенім.
Өзгелердің қаңқуын қайтем босқа,
Қабағыңның тартуын мың өлшедім.

Сізбен көрсем жазмыштың үкімдерін,
Сізге арналса ғұмырым бүкіл менің.
Сізбен батқан күніме тәубе дедім,
Сізбен атқан таңыма шүкір дедім.

* * *

Жұлдыз тағы ағып түсті,
Жалықты ма аспаннан?
Қара жерге барып түсті,
Не тапты екен қашқаннан.
Қара жерге алмастырды,
Өз биігін талақ қып.
Оны кімдер адастырды,
Оны кімдер мазақ қып.

Өкінді ме өліп тынды,
Кәналайды кімді енді.
Ал қара жер көріп тұрды,
Мырс етіп те үлгерді.

Періштенің пейіліндей,
Аспан үнсіз мұнайды.
Мейірімсіздің мейіріндей,
Жер өтірік жылайды.

...Мен тағы да әлсізбін...
Назира Бердалы.

Мен тағы да жалғызбын,
Мен тағы да жалғыздықтан түнілдім.
Хақ құдайдың көтере алмай сынағын,

Қапияда құздан қайта құладым.
Көз алдымда мәрт сезімім мертігіп,
Сүріндім...
Сүріндім де мен тағы да,
Байғыз – мұңның тырнағына іліндім.
Мен тағы да әлсізбін...
Мен тағы да қауқарсызбын, қамсызбын,
Мен тағы да жалынсызбын, сәнсізбін.
Кеше ғана алдымнан алдамшы бір «сый» күлген,
Бүгін тағы... тағы да түйдек-түйдек жасымды
Құс жастыққа құйдым мен.
Кеше тағы бір мұңға маңдайымды сүйдіргем,
Өмір маған сірке суы секілді,
Өңешімнен күйдірген.
Мен тағы да әлсізбін,
Арманыма ақүрпек
Абайсызда мұң сіңіп,
Соңғы демім бітердей,
Жүрегімнің үнінде тосаңсиды тіршілік.
Құлағымның түбінде күбірлейді күрсініп,
Менің топан мұңым мен менің өксік деміммен,
Жұлдыз біткен тұншығып,
Қараңғы түн қарап отыр «қымсынып»
Мен тағы да әлсізбін...
Мен тағы да әлсіздіктен түңілдім...
Шарасызбын... Өлеңі жоқ, әні жоқ
Жүрегіме үңілдім.
Үңілдім де қалың мұңның қалдығына сүріндім...
Сосын...
Құбылаға ұз-а-а-ақ қадап көзімді,
Жаратқанға жүгіндім...
О, АЛЛА!..

Біз тағы да жасырынбақ ойнаймыз,
Бірімізді-бірімізден жасырып.
Бірімізді таба алмастай ойлаймыз,
Аласұрып, айламызды асырып.

Көріп тұрып көрмегендей іздейміз,
Тауып тұрып таппаймыз.
Біз бәрібір бір айдында жүзбейміз,
Біз бәрібір бір ағыспен ақпаймыз.
Еріккеннің ермегі ме әлде, не,
Ғашықтық жоқ құмарлық.
Арамызды жалғап жатыр әлдене,
Бізді Құдай қоймаса да сыңар қып.

* * *

Несіне кездестік? Қоштасу үшін бе?
Қалмады дәрменім, қалмады күшім де.
Сыздаған жүрекке айта алмай датымды,
Айналып барамын мелшиген мүсінге.

Дертімнің дауасы - өзінде, айт емін,
Мен үшін тым тұйық, белгісіз жайт едің.
Сарғайған жанымә сіріңке тұтатып,
Өртеніп кетсем бе? Не қылам? Қайтемін?

Сағыныш кеудеме жүз батты, сыздатты-ай.
Қалшылдап барамын қара түн мұздақтай.
Жүректің сиясы паракқа құйылды,
Сіз жүрсіз қалайша міз бақпай?

Айналам сап-сары, сарғайған сана - мұң,
Жанарды талдырып жолыңа қарадым...
Ойымда шашылған шумақты жиып ап,
Жүректің қан-жоса жарасын таңамын...

* * *

Ынтыққан сезімді мәңгі үздік,
Көшені көңілсіз кеземін.
Сізді де қинайды жалғыздық,
Білемін, сеземін.

Бауырым, балам бар, көп құрбым,
Жалғызбын кешқұрым.
Жанымның патшасы - өткір мұң,
Жоқ және ешкімім.

Жолымда кезіккен таныстар,
Жаудырған сәлемін.
Таныстар - уақыттай алыстар,
...Күйрейді әлемім...

Орындық. Беймаза күйге алаң,
Бейтаныс жан отыр бұлалау.
Оны да өлердей қинаған,
Жалғыздық шығар-ау.

Мандайға шер болып байланған,
Ісеу, өлең! Мөлдірсің, тұнықсың.
Қайғы алған, азапқа айналған,
Жанымды өзіндей кім ұқсын?!

Кім ұқсын мендегі өмірді,
Есілдей еркелеп, тасыған.
Өкпе артқыш, керенау көңілді,
Жарасын жырымен қасыған.

Бәзбіреу тасадан тас атты,
Сорымның сыртынан сығалап.
Мұңымнан мұнара жасапты,
Адамдар ғайбатқа құмар-ақ.
Сан рет сарсаңға салдың да,
Араша сұрадың дертімнен.
Өмір мен өлімнің алдында,
Қасқайған сен менің сертім бе ең?
Беу, өлең!!!

* * *

Жағалау жанымды тербетті,
Әуені әдемі бір күймен.
Тағдырдан татып ап кермекті,
Көңілсіз жүруші ем ылғи мен.

Өзгерді әлемім қас қағым,
Қасыма, қалқашым, сен келіп.
Көктемдей құлпыра бастадым,
Дерттерден дәрісіз емделіп.

Жұлдыздар әңгіме қылады,
Біздегі бақытқа тік қарап.
Ішінде мерт болған сұрағы,
Сұрықсыз Ай дағы сұқтанад.

Аңғармай қоштасар кезімді,
Шығарып салмашы, салмашы.
Үздіккен аяулы сезімді,
Үнсіздік демімен жалғашы.

Бүгін де, ертең де, кеше де,
Бақытты бірге іздеп жоғалған.
Адамдар көп жүрген көшеде,
Адасып кетсек қой жоқ арман.

* * *

Ақымақ ару нөсер жауынға,
Балап та сүйді «тірегін».
Ал мен өзгенің әсем бағында,
Бүршігін жарған гүл едім.

Гүл едім жамал жазды сүйетін,
Үзіп алғаның не еткенің?
Сұлулықты һәм назды сүйетін,
Оралар ма екен көктемім?

Шаң-тозаң басқан күлтелерімді,
Күлтелерімді жуар кім?
Жапырағымен бүркене берді,
...Сағынышыммен суардым...

Біздің жаққа көшіп келді күз бүгін,
Жапырақты сабағынан үзді кім?
Тіршілікке түсі әбден ескірген,
Айтып отыр қыз мұңын.
Бейтанысқа, бәлкім, бәрі сандырақ,
Сап-сары ойдан сарғаяды ән құрап.
Көз алдында тоңазыған тіршілік,
Жанарында қаңғырад.

Мына халге ару біткен аз шыдар,
Оның жаны – нәзік, мұңлы, наз, шынар.
Шексіз, шетсіз сағынышқа сенбейтін,
Сіздің жақта жаз шығар.

* * *

Жиып жүрген жалғанның кінә, шерін,
Жағдайың да мәз емес, сірә, сенің.
Сен - біреудің жасаған қатесің,
Мен - біреудің жасаған күнәсі едім.

Көңіл содан қаймығып, қамығуда,
Бола ма, айтшы, тағдырға бағынуға?
Жылау, сықтау бәрінен қинайтыны,
Хақымыз жоқ сарғайып, сағынуға.

Арманыма араша, арай сұрап,
Тандарыма қойылды талай сұрақ.
Мені қойшы қуартқан құсалықтан,
Жүр екенсің күйремей қалай шыдап?!

Жарқын, жасыл өмірлерін құрбан ғып,
Дүниенің көзіндегі мұңды аңдып.
Мейірімсіздің аңсағандай мейірін,
Жапырақтар жер бауырлай жүр қаңғып.

Қайдан келді, қайда барды... дерегі,
беймәлімдеу. Ешкімге жоқ керегі.
Сұрқы қашқан суық өңін әлемнің,
Сағыныштың көзіменен көреді.

Тіршіліктің мойынсұнған ығына,
Қуыс тапса береді олар тығыла.
Жамал, жасыл қоштастырған жазымен,
Ох, опасыз мезгілдердің ғұмыры ә?
Көңілі - үміт, жүрегі - шер, көзі - мұң,
Тағдырына қайрап жүрген төзімін.
Келер күннен бір жылылық күтетін,
Жапырақтар, бәлкім, менің сезімім.

* * *

Ырғатылып желдің салған әніне,
Жапырақтар тербетіле билейді.
Білмейді олар мезгілдердің мәні не,
Мен сияқты және Күзді сүймейді.

Сыр айтады суыртпақтап арай бақ,
Таңына әрбір тамылжыған тамыздың.
Кім айтады алыс жолға қарайлап,
Жете алмай жүргенімді, жаны ізгім?

Үнсіз айтып тұр емес пе Күн еркем,
Бәрі өткінші екендігін өмірде.

Жапырақтар сарғаяды күні ертең,
Сағынышым ұлғаяды менің де.

* * *

Жағалау сырға күпті,
Бақытты жанның бәрі.
Немесе бір бақытты,
Күтеді тағдырдағы.

Айқасқан тәтті құшақ,
Көңілдер күлімдескен.
Сабырсыз сәтті тұсап,
Жай ғана күбірлескен.
Сүйлер, асығулар,
Тағатсыз тосқан бірін.
Жылаулар, жасырулар,
Жазықсыз достан мұңын.

Күтуден дос торыққан,
Баяны басқа салды-ай?!
...Бақытпен кеш жолыққан,
Біз тұрмыз қоштаса алмай...

* * *

Арқама ауыр жүк артып,
Жазғырсын, мейлі, бұл жалған.
Теректей күзгі қуартып,
Сабағымды үзсін бүр жарған.

Ұйқысыз таңды атырып,
Суалды нұры жанардың.

Қаламымды алдым батырып,
Қарашығына ғаламның.

Бір сиқыр құйдым көңілге,
Тамшысыменен жаңбырдың.
Өкпешіл мынау өмірге,
Өлең боп келген тағдырмын.

Жарқылсыз, жұмбақ сезімсіз,
Жұлдыздың көрдім сөнгенін.
Аппақ бұлтына кебінсіз,
Аспанның көрдім көмгенін.

Ғайыпқа сінді тіршілік,
Бұлдырап көзім алдында.
Жыр жүрек қалды тұншығып,
Жоқпын ба, әлде, бармын ба?..

Жанымның дерті өлең - мұң,
Қол созды биікке “«мұңым»».
...Түс көріп жатқан әлемнің,
Мен, мүмкін, кейіпкерімін...

* * *

Қызылжардың аспаны ағыл-тегіл жылайды,
Терезеге телмірген ару тағы мұңайды.
Таста тұнған жаңбырдың тамшысындай мөп-мөлдір,
Жанарының жауһары ақ қағазға құлайды.

Ақ қағазға төгілген күнәсі ме, сыры ма,
Ессіз дүние күледі миығынан мұңына.
Аспан жылап жатқанда Жердің жуып жанарын,
Оңешіне бір өксік бергені не тығыла?

Ағыл-тегіл жылаған аспан ба, әлде, қыз демі,
Құс базарын тарқатқан мензейді екен Күз нені?
Ару қыздың көз жасы жылай-жылай таусылған,
Арсыз ойдан мың есе биік еді Сіздегі.

Бұрышынан жүректің «үй» жасаған, түнеген,
Оның жанын күз ұқпас жадаураған, жүдеген.
...Ақ қағазға ақырғы көз жасындай күнәсіз,
Тамып кетті бір тамшы, тамып түсті бір өлең.

Қызылжардың аспаны ағыл-тегіл жылайды,
Терезеден телмірген ару неге мұңайды?

Сынайды да екен ғой өмір бұлай,
Сүйеді де екен ғой көңіл құлай.
Құрақ көрпе секілді жүрегімді,
Қайтем сені жаншыған шөгір мұң-ай?!

Қанатымды шарпылтып күйікке мың,
Жиып кегін жалғанның сүйіп шерін.
Табанымның астында тапталды кеп,
Аспантектес қол жетпес биіктегім.

Күйімді ұрлап ырғақты көңілдегі,
Жылар шақта көзден жас төгілмеді.
Өзеуреген өкпеге қия-қия,
Өгейсітіп жіберді өмір мені.

Үміт – үркек, сенім – жүдеу, өмір – сыз,
Ақ бетімді аялайды жел үнсіз.
Сезімімнің көшесінде адастым,
Көз алдымда Күз жылайды көңілсіз.
Қоңыр Күздің тауысты кім тағатын?
Жаз да кетті шамшырағын жағатын.
Ғұмыр кешу Күзге оңай деймісің,
Сағынышқа малып алып қанатын?

Іштей айтып жанды жеген сөзімді,
Мен осылай түгесемін төзімді.
Күзден қалай алып қашам көзімді,
Сізден қалай алып қашам өзімді?
Айтыңызшы?

* * *

Күзге айтып ем сағынышымның салмағын,
Ол да басын шайқады.
Сары үмітпен қарсы алғанын таңдарын,
Айтады...

Сары түске боялғанда шартарап,
Үзді ме екен күдерін?
Миллион жанның сағынышын арқалап,
Ғұмыр кешу оңай емес, білемін.

Тоңды жаным сөзім өтпей тілсізге,
Қызылжардың түні неткен мұздай-ақ?!
Ішіңізден Сіз де тынып жүрсіз бе,
Күзді аяп...

Билей алмай жаңбырдың әніне еріп,
Бәрі бекер бәрі де, бәрі дедік.
Махаббатпен мезгілсіз қоштасқалы,
Өмірімнің барады мәні кеміп.
Жағалау да жат маған басқа бәрі,
Алғаш көрдім сұрланған Астананы.
Менің қасіретімді аз көргендей,
Күз де қатты түйеді қас қабағын.

Үміт те жоқ ұлпілдек ізгі нәрі,
Бақытсыз деп сөгеді бізді бәрі.
Суып кеткен сезімге біздер емес,
Күз кінәлі болсыншы Күз кінәлі?!

* * *

Қайтайықшы серуендеп қаланы,
Айтайықшы бақыт жайлы ертегі.
Онсыз да өмір тырнап ескі жараны,
Мұңның күйін шертеді.

Ашайықшы күңіренген Күзге сыр,
Қашайықшы тоңдырса да түнгі ызғар.
Екеумізді сабылумен іздесін,
Жымыңдаған жұлдыздар.

Қолдасыншы біздің күйді Ай күліп,
Болмасыншы жанымызда өзге ешкім.
Әлде сен де қоштасудан қаймығып,
Келмей жүр ме кездескің?

* * *

Кеттіңіз бе хабарсыз?
Ғұмыр кешу мүмкін бе енді алаңсыз?
Бейопа бұл жалғанымның қызығы,
Қуанышы едіңіз ғой маған Сіз?!
Бәрі, бәрі жоғалды,
Нәзік көңіл мейірімсіз боп алды.
Әппақ әппақ үміттерім теректей,
Жапырағынан тоналды.

Ақ қағазда азабым,
Сезімімнің көрін сөзбен қазамын.
Дерттерімді дәрі таппай жазатын,
Содан өлең жазамын.

Кеттіңіз бе хабарсыз,
Ғұмыр кешу мүмкін бе енді алаңсыз?

* * *

Сүйіп тұрып сүйемін деп айта алмай,
Күйіп тұрып күйе алмау.
Көріп тұрып өте шығу байқалмай,
Жүректерді жиі алдау.

Дерті күйік күнәларға құмарту,
Сеніп тұрып сауапқа.
Көтермесін біліп тұрып мұң арту,
Сұрағы жоқ жауапқа.

НҰР

Арманыңды жайып тастап қиын ә,
Биқыт жайлы бал ашу.
Тигудырыңның бұйыртпаған сыйына,
қырықпышақ таласу.

Адастырмас ақылыңа бағынбай,
Ойран қылар сезіміңмен достасу.
Жылап тұру қуаныштан жарылмай,
Қимасыңмен күліп тұрып қоштасу.
Қандай қасірет!!!

* * *

Сұрайсыз ба халімді,
...Оқылмайтын хаттар жазып шаршадым.
Жай, әншейін, білдірткім кеп барымды
Сізге ауғанын аңсарым.
Күлкілі иә?
Күле берсін қара түн,
Қоңыр Күздің қасіретті іздері.
Сағыныштың отын ғана жағатын,
Білер дейсің Күз нені?!
Күзден көңіл, Сізден көңіл жүр қалып,
Сағынтуға тым шебер.
Хал сұрайсыз нұрланып
«Жақсы» десем кім сенер?!

* * *

Көз алдымда дүние құбылардай,
Жүрегімнің ішіне сыйып ғалам...
Өзім жаққан үмітке жылына алмай,
Сен өшірген үмітке күйіп барам...

Неге мені саласың сергелдеңге,
Тағы уын ішкізсін өмір қандай?
Өзге десе тәкаппар, өр кеудемде,
Саған деген бір түйір кегім қалмай...

Сансырадым сәт сайын дерт емуден,
Жүрек байғұс паналап, ықтар нені?
Сағыныштың отына өртенуден,
Көзіме бір көрініп, құтқар мені!

* * *

Уысынан шыға алмай бар мұңның,
Сезімімнің көшесінде қаңғырдым.
Көктем жаққа барамыз деп бірге біз,
Күзге мені жалғыз неге қалдырдың?

Жылай-жылай жүрек семіп, жан сыздап,
Маған қарап мұңаяды саршыл бақ.
Менің сағынышымсыз-ақ Күз байғұс,
Ғұмыр кешіп жүр емес пе қалшылдап?

Өкінішіме от қоясыз түзден Сіз,
Енді қайтпек үміттерін үзген қыз.
Тайғанақтау тағдырыма кінәлі,
Күз бен Сіз!!!

* * *

Көнбейтінін білесің ар айлаға,
Арманыңа аспандас қарайлама.
Құлазыған жаныма сәуле құйып,
Бейуақытта жолықтың қалай ғана?

С'срігің де емеспін сенімің де,
С'снi кiмге теңеймін сені кiмге?
Жүрегіме байланған бір құдірет,
Адастырып барады мені мүлде.

.....

* * *

Одемі едім, аппақ едім, арлы қыз,
Жүрегімді қалай жаулап алдыңыз?
Қаперсіз ем, қарекетсіз, қамсыз ем,
Жазылмастай жанға жара салдыңыз.

Бүгін менде маза да жоқ, жоқ тағат,
Өзің жаққа отырамын көп қарап.
От сезімім минут сайын өртейді,
Ал орнында шоқ қалад.

Сіз көрсін деп көйлек кидім көкпеңбек,
Далада күз мен құлпырдым көктем боп.
Сізге қарай асығамын жетуге,
Өттең, бірақ, арамызда өткел жоқ.

Сөксін бәрі кінәласын сыздана,
Адамдар да, алаңдар да, түз, дала.
Сағынышқа батып кеткен жанымды,
Арашалап ап қалатын Сіз ғана.

* * *

Мен ақпанның аппақ қары едім ғой,
Ақ жүзіме кімдер екен күл шашқан?
Анау таудың шығайықшы шыңына,
Жүрші, аспан?

Ей, ақ аспан, бақыттысың сен неткен,
Жердің мінін көктен карап күлесің.
Аппақ қар да жатсынбастан Жерді өпкен,
Көктем келсе еритінін білесің.

Еридi ол еридi де кiрлейдi,
Еримiн мен жүрегiмде дақ қалып.
Сенен басқа оны ешкiм бiлмейдi,
Сен тұрасың...Ақ мамық...

* * *

Емiнен шықпайсыз, ойымнан кетпейсiз күнi-түн,
Жанымның жылуын сезбейсiз қалай Сiз?
Көнетоз бiлтенiң көмескi жарығы - үмiтiм,
Тек үрлей көрмеңiз абайсыз.

**Жаса, өсек!
Гүлнәр Салықбай.**

Сіз кеттіңіз,
Мен де кеттім,
Жол бөлек,
Інді бізді тек уақыт емдемек.
Иә, уақыт таптырмайтын дәрігер,
Оның да ісі әбігер.

Інді біздер бірімізге біріміз,
Ғыр ашпаймыз бір болса да сырымыз.

Сол түн Сізбен жылап тұрып қоштасқам,
Қоштасқам да “«өсектермен» достасқам.

Өсек... Өсек...
Сенбеңіз,
Жараланған жанымды
Ал, уақыт, емдеңіз!!!

* * *

Жасырынып күн сайын жанарға мұң,
Менің нәзік жанымды аямады.
Сіз үшінгі менің бар амалдарым,
Суға сурет салғандай зая бәрі.

Өкінішке мен жүрмін түпсіз бойлап,
Бола алмаймыз “«өтірік» бірге енді біз.
Жаныңызға жанымды жіпсіз байлап,
Сіз жеңдіңіз.

* * *

Өгей үміт,
Өгей өмір,
Өгей күн,
Шетке қақты шер мен шемен мұңымды.
Өзегімді өртеп-өртеп көбейдің,
Өгей бақыт бұрынғы.

Арамызды өгей жылдар арбайтын,
Өбектейтін өкіміне не дейсіз?
Жан-тәнімен жақсы көре алмайтын,
Сіз де маған өгейсіз.
Қамығамын, мендей қайғы жейсіз бе,
Өгей сезім шақыра алмай сабырға.
...Қамыққаннан қайысады дейсіз бе,
Қасіреттен сөгілмеген қабырға?..

* * *

Өлең сүйген өрімдей ем,
Талғамымның сыны құзға шығарды неше,
Анашымның төріндей кең,
Сырттай ғана жырыңызға ғашық ем кеше.

...С'үйіп қалдым (сенесіз ғой),
 С'із болдыңыз тәтті мұңым тағы да мұңым.
 С'ол мұңым мен келесіз ғой,
 С'езімімнің көкке ұшырып күлін, бүгін.

Тосқауыл көп мұң, құз, жардай,
 Бір болмаспын өзіңізбен жүрегім, өртен.
 ...Анау аққан жұлдыздардай,
 Ғайып болам көзіңізден білемін, ертен.

Окінесіз...

* * *

Түн қойнынан тағы мұң боп түледім,
 Түледім де құшағында түнедім.
 ...Жанарымның жасы болып қаларсыз,
 Бақытымның басы ма деп жүр едім...

Үзік үміт - ол бұрымым кесілген,
 Бұрымымды жоқтай берем несін мен?
 Өміріме енбейсіз ғой ешқашан,
 Енді неге шықпай жүрсіз есімнен?!

* * *

Тағы да түн...
 Отырмын мұң қамап.
 Мендегі сағыныш, зарығу,
 Сабылыс, тарығу.
 Жанардан жас болып сырғанап.
 Әкетті Сіз тұрған ауылға,
 ...Не деген сайтан ед,

Тілімді тістелеп, дәрменсіз өкіндім,
Шөкім мұң «байқа» деп.
Ғайыптан күш демеп әлгі жел,
Жырымды ұстатты қолыма қайта кеп.
«Жетпеді, кешікті»,
Ашпапсыз есікті.
Сіз ұйықтап жатыр екенсіз...

* * *

А-а-а, мен бе, сол мұңаю, төзу деген,
Амансыз ба,
Қалайсыз,
Есенбісіз?
Күні-түні жүресіз кезуменен,
Көңіл деген күңгірттеу көшемді Сіз.

Сіздей мені сүйремес «көрге» бәрі,
Қуанышын өзгелер төгер ме еді?
Мендік көңіл - көнелеу көрме залы,
Баяғыда таусылған көрермені.

Тек жұбаныш демесек өлең деген,
Сезімдердің күштірек серті бізден.
Арқа сүйеп ақылға дегенменен,
Көңілімнен кетіңіз еркіңізбен.

Тырысыңыз ұғуға,
Менің күшім жетпейді,
Сізді қуып шығуға?

Тұңғиық ойларым тереңге батырып,
Тұрлаусыз бір таңды тағы да атырып.
Бір түйір тамшыдан жаралған жанымды,
Жанардан шұбырған жас үгіп...

Отырмын.

Біреуге табылып, біреуге жоғалып,
Үмітім іште өліп, күдікке тоналып.
Откенге өкініп, өлердей күрсініп,
Бүгіннен безініп, ертеңге жол алып...

Отырмын.

Күрсінген көңілді бір күйге көндіріп,
Мұңымды маздатып, күлкімді сөндіріп.
Баянды бағымды басымнан ұшырып,
Баянсыз бір бақты қондырып...

Отырмын.

Қиырсыз қиялға тоналып,
Нүктесіз ойларға оранып.
Аң жүрмес алысқа жол алып,
Мен түбі кетермін жоғалып...
Жоқ болам...

* * *

Менен алыс қуаныш, алыс қайғы,
Көзімде - мұң.
Кірпіктерім түнімен табыспайды,
Көз ілмедім.

Бір нәрсеге, біреуге алаң жаным,
Ішімде мұңым да өлді.
Тірлігімнен таупиық таба алмадым.
Қарадай жыным келді.

Тереңіне сүңгіп ем көңілімнің,
Барады сыр ұқтырып,
Көлеңкесі тұрлаусыз өмірімнің,
Жіберді ұмыттырып.

Толқынына тұншығып теңіз-денем,
...Алаңдадым...
Елсіз жерде жандаймын жоқ іздеген,
Таба алмадым...

* * *

Бір бақытты басымызға теліп ел,
Бақытсыз деп, бәлкім, бізден жерінер.
Екеумізге түсініксіз күйіміз,
Қалың жұртқа түсінікті көрінер.

Кешіккен деп айтар бізді баққа бір,
Жағар солай ардың түсі – аққа кір.
Саған ғана тиесілі жүрегім,
Білесің бе, жалтақтаумен жатта жүр.

Кейде оны тоңдырады Қара Күз,
Қара Күздің қас қабағын бағамыз.
Ешқашан да ұйқаспайтын өмірмен,
Біз өлеңнің егіз жолы ғанамыз.

Көңілдерге көтеріңкі мән бермей,
Күз де сені жауратты ма дәл мендей.
Қуансам да өп-өтірік күлсем де,
Өмірім жүр әлденбей...

Көп қараймын тізбегіне құстардың,
Неге, неге құстар жаққа құштармын?
Шешімінді күрт өзгерте алса ғой,
Жүрегімнен ұшқан мұн.

Жылы жаққа ұшасың ба сен де ертең,
Жылы ұянды құшасың ба ең көркем?
Құс базарын жанарыммен тарқатып,
Көңілімді сенделтем.

Қалар болсаң мендік күйге елеңдеп,
Барлық дерттен алар едім сені емдеп.
...Өмір іздеп жылы жаққа кетсең де,
Ораларсың өлең боп...

* * *

Мендегі әдемі арманның, үлпілдек үміттің,
Бақытсыз жалғасы.
Жанымды барады, барады үгіп тым,
Бояуы болмашы.

Сыйладым жүк қылып жырларға,
Жанымның жақұтын.
Айналып кетті, әттең, мұндарға,
Кешегі ессіздеу бақытым.
Бақытым - ессіздеу, үмітті үзбедім,
Қисаң да бар мұңға.

Мен Сізді жүректің үнімен іздедім,
Өзімді жоғалтып алдым да...

Талықсып, тапсам да білеміз ізгі,
Сезімім сыңарсыз.
Сіз неге мен тапқан жүрегiңiздi,
Жасырып тастауға құмарсыз.
Сүймейтін шығарсыз...

* * *

Пендемін,
Періште емеспін,
Ұнатқан, жылатқан, жек көрген.
Алдамшы армандар, алдамшы күлкілер
Бетпердем.
Алланың ілімін азырақ ескерген,
Шайтанның бүлігін қош көрген.
Ақылдан жеңіліп, сезімге серт берген
Пендемін, періште емеспін.
Табанын тайдырған тұғырға талпынып,
Бір бақыт іздеген таусылып, шарқ ұрып.
Сағынған сарқылып.
...жарты бақ...жарты үміт...бар күдік...
Періште емеспін, пендемін,
Жаралған бір түйір тамшыдан.
Күлкім бар, мұным бар, бар шыдам.
Кәдімгі күнәһар өмірін,
Кінәсіз пейілмен аршыған.
Пендемін
Бес күндік ғұмырмен.
Мәңгілік сапарға барамын.
Көз - үміт, сана - мұң.

Тәніммен топырақ толығып,
Қара жер...Сіңемін...Қаламын.
Пендемін періште емеспін,
Өзірге, бес күндік елеспін...
Содан соң төмпешік ғанамын...
Пендемін!

* * *

Бәрінен көңілім қап, бәрінен безіп денем,
Өзімнен, өзгелерден сескеніп, сезіктемем.
Көңілімнің күрсінісі көзіме көшіп алып,
...Көшені кезіп келем...

Тарыдай жанарымның шұбыртып тамшыларын,
Сүйретіп сүлдерімді сенделдім, сансырадым.
Күнәға толып кеткен жанымды тербетуге,
Тәңірден тұрқы бөтен, әдемі ән сұрадым...

Оу, Жалғыз Жаратқаным, Жаппарым есімдегі,
Мәңгілік мейіріммен кешірші, кешір мені.
Пейішке жетелейтін пейілім бар еді ғой,
Оны да бұзды білем пенделік шешімдерім.

Ән салдым тебіреніп, тербетті құла түз кеп,
Жұлдыздар жымың қақты көкке бір шығамыз деп.
Тірліктен таса болып, аспанда тұрамыз деп...
Тағы да періштемді періге айналдырдым,
Төсінен жұмыр жердің адастым жұмақ іздеп...

Арылмай жанардың жасынан,
От болып өртеніп, шоқ болып басылам.
Мен кейде самарқау қаладан безініп,
Сен тұрған ауылға асығам.
...Себебі мен сені сүйемін,
Жасырам...
Күлгенің алдымнан беймаза өткенің,
Домбыра тартқаның, темекі шеккенің,
Жанымды қинауды біледі тек менің,
Әдетте мұрнымды шүйіріп өтуші ем,
Темекі шегетін жігіттің қасынан.
Мазасыз шағым көп жауапсыз сұрақтай,
Көп күнім өкініп, көп күнім жылатты-ай.
Кездейсоқ кездесіп қалғанда тұншығып,
Алдында алмаймын тұрақтай.
Түнінді төрт бөлсем, кеш, кнім,
Белгісіз нөмірмен звандап, даусыңды естідім.
Себебі жанымды сен жаулап келесің,
Жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай...

Сен оны ұқпайсың (қарағым),
Өзгенің маңдайын иіскеп, өзгенің бұрымын тарадың
Көзімше ернінен өптің сен,
Көзімше бағыңа баладың.
Тамшыға малшынып жанарым.
Мен соның бәріне көз жұмып қарадым.
Түнімен булығып ертемен,
Өртенсем қызғаныш отынан өртенем...

Мені неге жылатасыз,
Көзім алды тұман қайғы.
Мені неге жұбатасыз,
Көңіл енді қуанбайды.

Тағдырыма (күйгем, тіптен),
Таға берем несіне мін?
Хақты шексіз сүйгендіктен,
Сізді амалсыз кешіремін.

Неге, неге білемін бе,
Өкінесіз өткенге көп,
Сізге деген жүрегімде,
Реніш те, өкпем де жоқ.

Есіміңіз күбірлердей,
Есімді алмас енді менің.
Тілдегі өлі түбірлердей,
Беймәліммін, белгісізбін.

Сүйдім, күйдім толған аңыз,
Сізді және түк көрмедім.
Ұзақ хаттар жолдамаңыз,
Байланыстан тыс жердемін...

* * *

Көңіліме көш қондырды күзгі күн,
Біз өткерген көктем гүлді үзді кім?
Жер мен көктің алыстығы сияқты,
Тым алшақпыз біз бүгін.

Мен біреуге, сіз біреуге сыңарсыз,
Қиналатын, қимайтын да шығарсыз.
Оңашада қалың ойға оранып,
Сіз де мендей ағыл-тегіл жыларсыз.

Сіз де мендей (бір сорлыға) сыңарсыз,
Қимайтын да, қинайтын да шығарсыз.
Қос тағдырға сұрақ болып қойылып,
Нүктесі жоқ жауап болып тынарсыз.

Мен де Сіздей күйдемін ғой өлермен,
Жери алмай Сізден және өлеңнен.
Жүрегіме жүргізе алмай бір әмір,
Ақылыма шағым айта берем мен.

Қажытты әбден құрым қайғы, кара түн,
Не бар бізде бірімізді табатын.
...Қарашығым аспан жакта қалқиды,
Жерден Сізге жол таба алмай баратын...

* * *

Енді Сізге еркелей де алмаймын,
Жаралыппын бақытсыздау ақын боп.
Сағынам да өз-өзімді алдаймын,
Тіпті, сізді сағынуға хақым жоқ.

Енді Сізге өкпелей де алмаймын,
Жатқан шақта ішімде бір ит өліп.
Өмір, сені сүйемін деп алдаймын,
Өзегімнен жатсаң дағы итеріп.

Інді маған қамқоршы да емессіз,
Құлап бара жатсам қолын беретін.
Болмысымды сүйе алатын себепсіз,
Қиналатын,
Қызғанатын,
Сенетін.
Коңілсіздеу саламыз ғой әнді біз,
Інді ертеңнен күте алмаймыз жақсылық,
Қайырылмай қайда кетіп қалдыңыз,
Шексіз, шетсіз сағынышқа тапсырып?
Мені???

* * *

Қуанта алмай қайыры жоқ сезімді,
Үміттерім үздікті де көз ілді.
Адасқанда жол сілтеуші едіңіз,
Сізден қалай алып қашам өзімді?

Аңдаусызда адастым ба, білмеймін,
Жылатады, жұбатады зілдей мұң.
Жүрегімді тығып қойып, бей-жайлық,
Күй кешесіз, Сізді қалай күндеймін?

Тауып бере алмайсыз ғой түйсініп,
Ал мендегі бақыт - сорлы, күй - сынық.
Бақыттысыз жарыңызбен Сіз неткен,
Қызыңызға отырасыз сүйсініп.

Үйден, түзден қобдиша һәм сөреден,
Жоғымды іздеп өрекипіді өр өлең.
Жүрегімді тауып берер жан болса,
Сүйіншіге сол жүректі берер ем.

Тауып беріңіздерші...

* * *

Көңілім қап көн өмірден аз ғана,
Көндігемін көргім келмей ендісін.
Бүгініме нали берем наздана,
Кешегімнің таба алмай алмай бір белгісін.

Өз жанымды тербетеді айдын мұң,
Теперішке толып кеткен әр күнім.
Тұғырдағы табанымды тайдырдым,
Тосаңсыған ол да менің тағдырым.

Тұншығамын жанарымның жасына,
Түндігімнен мұң қазғанда орымды.
Сүйіктімнің бақ боп қонып басына,
Бүгін бірақ сүйіп тұрмын сорымды.

Кейде осылай бақыт болып жоғалам,
Жалғыз жанның досы үміт қашанда-ай.
Ойларымның шаужайына оранам,
Шыдамымның шүріппесін баса алмай.

О бастан-ақ, өмір маған өгей-ді,
Іркілемін жанарыма жас та кеп.
Періштедей пейілімді бөгейді,
Пенделігім аста-төк.

Аласарып қалмас үшін арманым,
Үміттерім үздіксең де көз ілме.
Пана тұтам Аса Қамқор Алланың,
Өмірінің көлеңкесін әзірге.

* * *

Сіз де мені ұмыттыңыз, сүйіктім,
Жүріп келем жанарыма жиып мұң.
Сезім отын өзім ғана тұтатып,
Өзім ғана оңбастай боп күйіппін.

Сіз салғалы жүрегіме қаяу, мұң,
Бақытсызбын, баянсызбын, баяумын.
Сезім отын өзім ғана тұтатқан,
Сіз сөндіре көрмеңізші, аяулым?

* * *

Шырқай алмай Сізге арнаған әнімді,
Мен күн сайын жоғалтамын сәнімді.
«Сүйемін» деп іштен айтқан сөзімнің,
Жаңғырығы кезіп кетті жанымды.

Жан жүрегі толып кеткен мұңды ызғар,
Он сегіз мың ғаламда тек бір қыз бар.
Сізге арнаған әнін айтып сол қыздың,
Көк төсінде жүзіп жүр ғой жұлдыздар.

Олар неге жымыңдайды, білмейміз,
Білмейсіз де жұлдыздарды күндейсіз.
Жалғыз қыздың тындата алмай жан даусын,
Жылайды олар: Құлақ түргейсіз...

* * *

Сырласыма айналғалы сынық мұң,
Өлі теңіз секілді ағынсызбын, толқынсызбын,
тынықпын.
Бәзбіреудің қонып қойған басына,
Бақыт жайлы ұмыттым.

Тағдырыма жазылды ол үкім боп,
Қан қақсатқан қайғыдан қашады ылғи құтым көп.
Бақыт деген Сіз едіңіз, ал менің,
Бақытты жан болуға енді құқым жоқ.

* * *

Жан дүниеме, тек сіз ғана егесіз,
Жаралаумен, жылатумен келесіз.
Нұргәләктің кіп-кішкентай жүрегін,
Үлкен мұңға батырасыз неге Сіз?

Сәттеріңіз тым аз мені жебеген,
Жебесеңіз күрсіністі жеңер ем.
Мұң сыйлаған жанға өлердей налушы ем,
Жери алмай жүрмін Сізден неге мен?

* * *

Анау қатын ғайбаттап жүр сыртымнан,
Ал анау қыз қарғайды.
Сіз болсаңыз жүрегімді бұлқынған,
Жұбатпайсыз біле тұра бар жайды.

Анау әйел мұңайтып жүр мұңданып,
Ал анау қыз жандырып.
Аспан жаққа ұшып кетем бір күні,
Елесімді қалдырып.

Анау қатын елесімнен мезі боп,
Ал анау қыз жұлмалайды жүрегін.
Жердің кәпір иісінен безініп,
Ал мен көкте күлемін.

* * *

Аяғымнан шалып қалып бір адам,
Өзі оңбай құлаған.
Көз жасымен араласып жан жасы,
Артымда жүр арыла алмай күнәдан.

Аласалар биігімді күндеумен,
Жүріп келем сүрлеумен.
Күші жетпей күндестерге тордағы,
Тотықұстай тыпыршиды бұл кеудем.

Тағдырымның татымсыз ба сыйы нақ,
Бұлдыр көңіл бұйығад.
Анау қатын көзін жасын бұлайды,
Менің жазған өлеңімді жиып ап...

* * *

Мен білсеңіз Сізден де өткен кесірмін,
Айқайладым, мазақ еттім, есірдім.
Ошағымды үрлеп жағам деп жүріп,
Абайсызда өз отымды өшірдім.

Өшті бәрі армандарым құлады,
Досым күлді, дұшпандарым сынады.
Мен келемін көмескі өмір жолында,
Қашан жанар өмірімнің шырағы?

Түнеукүні түн қойнында түнедім,
Жын қаққандай сықылықтап күлемін.
Көшедегі қызыл-жасыл шамдарды,
Жұлдыздардың қанатына ілемін.

От іздеймін тоңып, жаурап, мұздасам,
Құлау үшін жалғыз бардым құзға сан.
...Көше тағы шамын жақты кешкілік.
Жылытасыз Сіз қашан?..

* * *

Мына жолдар апармайды өзіңе,
Бірақ, тағдыр осы жолмен жүргізді.
Тура қарай алмаймын ғой көзіңе,
Жанарыңмен жеп барасың бір қызды.

Сен сүйем деп айқайлайсың аһылап,
Мен сүйем деп дауыстаймын ішімнен.
Бөгде қыздың бар қимылын бақылап,
Шаруаң жоқ мүлдем менің ісіммен.

О, Құдайым, жарылатын шығармын,
Екеуіміз де белгісі жоқ бақты үздік.
Сендік сезім ішінде жүр тұманның,
Мендік сезім - сәтсіздік.

Ақ жапалақ жауып жатыр алаңсыз,
Жерге сыйлап Аспан жақтың хабарын.
Көңіл - сынық, жүрек – жүдеу, санам - сыз,
Көктем жетсе, білем, ненің боларын.

Аппақ қардан таза нәрсе жоқ дейді,
Көңілі кір, пейілі тар адамдар.
Өктем сөйлеп, көкісе де көп мейлі,
Аппақ болып көрінбейді маған қар.

Аяқтарға тапталғанда аяусыз,
Қардың түсі болады ғой қап-қара.
Көңілдегі өкпе, реніш, қаяу, сыз,
Қона алмайды үлбіреген мақтаға.

Қара жердің бұйрығынан аса алмай,
Аппақ қар да қараяды көресіз.
Адамзатты ынтық қылған қашан да-ай,
Аспан ғана тазалықтың төресі.

* * *

Көңілім күй тартты төгіліп,
Жетпеді естуге шамаң да.
Топтарда тым тұйық көрініп,
Арқырап шықпадым алаңға.

Ойымның ішінде қаңғырдым,
Өлеңнің өртіне күйдім мың.
Жазуға жазылған тағдырмын,
Өмірді жай ғана “үй” қылдым.

* * *

Біз өзіміз кінәліміз бәріне,
Тағдыр, уақыт себеп, сылтау жай ғана.
Күліп тұрып бара алмадық әріге,
Сұйып тұрып сыр айтпадық Айға да.

Оңашада жолықпадық ынтығып,
Көпшілікте тек жанарлар түйісті.
Ерініңіз күбірлейді ұмсынып,
Армандаумен жүректегі сүйісті.

Бәрі біздің батылсыздығымыздан,
Бәрі біздің жігерсіздігімізден...

* * *

Таңсық бөтен көрінеді кімдерге,
Адам жайлы, заман жайлы көне тым,
Ұйқысыз таң, көз ілмеген түндерде,
Анам маған ертегі айтып беретін.

Кейіпкердей ұмтылушы ем жиі алға,
Өмірімнің қол бұлғардай көктемі.
Өн бойымды сүңгітетін қиялға.
Анам айтқан ертегі.

Бүгін бәрі, бәрі өзгеріп кеткендей,
Досым, жарым, таныс, ұрбы, айналам.
Себепсізден жақсы көрмей, жек көрмей,
Ертегі айтып жақынжайды жай маған.

Анам шертекен балалығым, жастығым,
Тағдыр заңы қылып тынды келте оны.
Өзегімді күйдіреді ащы тым,
Өмір айтқан ертегі.

* * *

Қыла алмай жоққа сабыр, барға шыдам,
Есілдей тасып кеткен арнасынан.
Шырылдап шындықты айтып, анау сорлы,
Ылдиға құлап кетті жар басынан.

Талқандай тарқатылды ғұмыр әлгі,
Артында бала-шаға, мұңы қалды.
Жармасып құйрығына өтіріктің,
Пысықай шың басына шығып алды...

* * *

Айтатындар айта берсін сөз қылып,
Кімге керек іш пысканның өсегі.
Мен олардың төзімдерін тоздырып,
Қызғанышқа көміп кетем бес елі.

Аяғымнан шалғысы кеп шаршайды,
Мен аспанға қонысымды көшіргем.
Жерде жүріп биігімді аңсайды,
Үміттерін үзіп алып, өшіргем.

Жердің барлық ластығын жиып ап,
Лақтырғысы келеді-ай кеп мен жаққа.
Мен оларды аяп кетем қиын-ақ,
Көргендері, білгендері сор, батпан.

Бұл тұрлаусыз тірлігімнің мәні не,
Өмірімнің астан-кестен бәрі де.
Жапырақтар діріл қағып билейді,
Менің салған әніме.

Күннің бетін бұлт жапқандай күйдемін,
Жұмыста да, көшеде де, үйде - мұң.
Орталарда мың бұралғым келеді,
Шақырады биге кім?

* * *

Кім ұғар жанымды ақ сүйген,
Ерекше сый күттім тағдырдан.
Мен қазір түсемін таксиден,
Сен қазір шығасың алдымнан.

Тербетер жүдеген жүректі,
Өлең бар шырқайтын ән дайын.
Ерінің тигенде дір етті,
Дір етті маңдайым.

От лебің дертімнің еміндей,
Өртеді, өртенді құшағың.
Әлемнің ақырғы деміндей,
О, қалай сезімді тұсадым?!

Тәтті армандар жалғанбай ма, өше ме?
Баянсыздау бір бақытқа таластым.
Қолыңыздан ұстап алып көшеде,
Мына менің келіп отыр адасқым.

Адасайық, адасайық жарай ма,
Дүниенің көрінбей қап көзіне.
Сенбейікші, ермейікші қалайда,
Тіршіліктің құр жаттанды сөзіне.

Мейірімі аз өмір бізге өгей тым,
Маңызды емес түсінеді кім, қалай?
Жолымызды кескестейтін, бөгейтін,
Кетейікші тағдырды да тыңдамай.

Адасайық шыдап жүрсіз қалай Сіз,
Ақ жүректен айтылғанда сөз - ғаріп.
Мынау әлем ойда жоқта, абайсыз,
Екеуімізден қалса екен көз жазып...

Өзіңізсіз, көзіңізсіз, Құдай-ау,
Қалай сүргем жиырма жеті жыл ғұмыр.
Енді қалған өмірімде бір аяу,
Көрсетпестен ақымақ ет, жынды қыл.

Құлат мейлі құздан, жардан, биіктен,
Сездір маған жоғалтудың үрейін.
Өмір бойы сен өртеген күйіктен,
Өз-өзіме келе алмай жүрейін...

Өзің жайлы ойламаймын деген ем,
Бүгін тағы тыңдамады мені өлең.
Тау қайғыға төтеп берер едім ғой,
Сағыныштан жеңілемін неге мен?

Өзін қиып құлатады өрден кім,
Сығаласа сенер едім көрден Күн...
Жер бетінен мәңгілікке жоғалам,
Сағынышым өлген күн!!!

Мұқағалидың монологы

Кезеді көңілімді бұла көшкін,
Бұла көшкін, мен саған тым әуеспін.
Алапат арманымның ақ дауылын,
Сезеді...
түсінбейді бірақ ешкім.

Кең дүние кеңге салмай арқамды бір,
Жабығам жасай алмай дархан дүбір.
Сәби болғым келеді мені осылай,
Талапайға салғанда тарпаң ғұмыр.

Көңілімнің көкпеңбек хошы налып,
Жан-тәнімді жанардың жасы қарып.
Маңдайыма ақ өлең түзу түскен,
Қисық жолмен келеді көшін алып.

Қайран менің өлеңім тізбекте бір,
Сенен солай мың үміт үзбек көңіл,
Жалғандықтың жарысқан жолдарымен,
Ақиқаттың ауылын іздетті өмір.

Намыс ойнап найзағай жанарымда,
Тұла бойға қызу қан тарадың ба?
Күшім жетпей күншілге мен қанша рет,
Отіріктің ұлыдым табанында.

Күндестердің беу, далам, ғұмыры кек,
Орап жатыр мойнымды құрығы дөп.
Тау тағысы секілді тас тағалы,
Ақындардың тіріде тұғыры жоқ.

Су жетпеген гүлге ұқсап өзегіне,
Кейде өмірдің шөлдедім өзеніне.
Мәңгі кәусар көңілмен қарызбын мен,
Күретамыр қазағым, өз еліме.

Дарханыма, далама жүгінемін,
Кетем сосын таға алмай біріне мін.
Жасын сүртіп Алаштың жанардағы,
Ақиқат боп мен ертең тірілемін.

Ана тіл

Қарашық болып орнаған мәңгі жанарда,
Бабамның тілі аманат маған, саған да.
Бір ұлық ету тұғырын туған тілімнің,
Мұңлық болып кешсем де ғұмыр ғаламда.

Жүрсе де мейлі жанарларымнан жас парлап,
Бақытың үшін күресу маған асқан бақ.
Мен сенің тылсым тағдырыңменен дос болғам,
Анамның асыл құрсағын құшып жатқанда-ақ.

Өзің арқылы жыр жазып келем жігермен,
Өкінем бірде, қуанам кейде, күлем мен.
Армандарымды құндақтағандай хатқа орап,
Ақша бұлттарға жібергем.

Сағынышымды жеткізіп, сүйіп, жұбанып,
Жабығып, жылап, көңілге құрсау мұң алып.
Өзің арқылы арызымды айтып атамды,
«Мәңгілік» деген мекенге салдым шығарып.

Адыра қалып қорқыныш пенен шер-мұңым,
Жаңбырлы түнде жүректің бердім теңдігін.
Өзің арқылы сырттансып жүрген сыртымнан,
Көк аттылардың қашырдым талай дегбірін.

Таңдарымды іздеп, арманымды іздеп жоғалған,
Таппадым сая сағымы бөлек сонардан.
Тайғанақтау бұл тағдырымның жолында,
Өзіңді сақтап жығылсам, менде жоқ арман.

* * *

Өлшеймін немен өлшеймін нарқын,
Құрғатам қалай мұң-шықты?..
Сарғайған менде сағыныш бар-тын,
Үнсіздігіме тұншықты.
Соңынан оның мың құлай ердім,
Үміттерімді тағы алдай.
Телефонымды ұрғылай бердім,
Қоңырау оған шала алмай.

Қиялда ғана тербетті ізгім,
Ұялтып жүр ғой қыспаққа ап...
Өңгіме қылдым келбетін Күздің,
Сағынғанымды ұстап қап.

Хаттың да сыры өте күпті еді,
Жолданбай қалған Ай барып...
Жүректің тәтті қателіктері,
Өлеңге кетті айналып.

Күйіме күліп, күндейді кейде ел,
Қаңқу сөз, жала, зәбірмен...
“«Жүрекке әмір жүрмейді» дей ме ел,
Жүргізіп жүрмін әмір мен?!

* * *

Көріндің де жан дүниемді от қылдың,
Күрсіністі күлдей төгіп жоқ қылдың.
Қабағына мұз жабысқан қаланың,
Ең бақытты сормандайы боп тұрмын.

Аспан тұрды сұрай алмай себебін,
Гүлдерге де жасырмадым дерегін.
Бейуақытта сен сыйлаған бақытты,
Көшелерге шашып-төгіп келемін.

Жайқалттым да жүрегімнің егісін,
Жерімедім, жеңілдемедім кек үшін.
...Әйелдерге күлкім келді содан соң,
Тіршіліктің сүйреп жүрген кебісін...

* * *

Бір-ақ сөзің естілді де...

Жандым ба?

Жас арылды көйлегімнің жеңінен.

Менменсіген Бақтың өзі алдымда,

Басын изеп амандасты Менімен.

Елемедім Аспандағы Айды да,

Арманыммен ойнап жүрген “«Қуыспақ».

Кеше Мені қан жылатқан Қайғыға,

Қуанышты шашып кеттім уыстап.

Бір сөзіңнен Өмір кетті өзгеріп,

Өзегінде өткеншақтық Кек күлді.

Қарағайлар болмашы бір Сөзге еріп,

«Мына қыздың есі ауысқан» деп тұрды...

Шын бақыттың дәмін солай татырдың,

Әлем тұрды бір-ақ ауыз сөзінде.

Қуанышты шашып келе жатырмын...

Бұл Менмін бе?..

Түсінбедім Өзім де...

Екінші бөлім

«Қаранғы қазақ көгіне...»

Халқымыздың тарихында отызға жетер-жетпес жасында қилы-қилы заманалардағы соқпақтардан қаймықпай, ұлттық рух, елдік мүдде жолында бастарын бәйгеге тіге жүріп, бірталай жұмыс атқарған, осылайша Алла тағала өлшеп берген қамшының сабындай қысқа ғұмырын елге, жерге деген мәрт махаббатпен, келер ұрпақ ғибрат алатындай сәулелі істермен нұрландырған аяулы тұлғалар аса көп емес.

Мәселен, алаштың айбатынан ат үріккен ардагер ұлдарының бірі Смағұл Сәдуақасовтың небәрі 33 жыл өмір сүріп, ұлтына өшпес еңбегімен ізгі қызмет сіңіргенін біреу білсе, біреу білмейді. Бар болғаны отыз жыл ғұмырында қазақ даласындағы географиялық нысандарға, өзен мен көлдерге, тау мен қыраттарға, сай-сала мен қойнауларға үніліп, оларды түгелдей дерлік картаға түсіріп, халқымыздың этностық территориясы туралы тарихи құжаттар қалдырған көрнекті ғалым, этнограф Шоқан Уәлихановтың еңбектері – тәуелсіз еліміздің территориялық тұтастығын сақтап қалу жолындағы баға жетпес құндылық екені Ай туғандай ақиқат дүние. Бірегей тұлға есімін әлемге әйгілеген атақты “Қашқария сапарын” бар болғаны жиырма жеті жасында жазғаны дүниежүзінің беделді ғалымдарының қай-қайсысын болмасын таңғалдырмай қоймады. Ал небәрі жиырма жеті жыл жасаған ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров аз ғұмырында әдебиеттің дамуына сүбелі үлес қосып, “Алаш туы астында, Күн сөнгенше сөнбейміз” деген бірауыз философиялық сөзімен өз заманының күрескер тұлғасына айналды. Бір айта кетерлігі, біз әңгімеміздің арқауына айналдырып отырған қазақтың аспанынан аққан жұлдыздай жарқ

етіп өте шыққан арда тұлғалардың үшеуінің де қасиетті Қызылжар топырағынан түлеп-ұшқаны жүрекке мақтаныш сезімін ұялатады. Алаш арыстарының ішінде Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өміріне, шығармашылық мұрасына тоқталғанды жөн көріп отырмыз.

Оның сұңғыла талант иесі болғанын атақты Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің:

“«Біреуі – Сұлтанмахмұт, алдында өткен,

Қайғырған бұғандағы қазақ біткен.

Екеуі тізе қосып, бас қоса алмай,

Қысқа боп өмір жасы, жедел жеткен», – деген жыр жолдарынан-ақ аңғаруға болады.

Ақынның 1893 жылдың 28 қазаны күні біздің өңірімізде нақтырақ айтсақ, қазіргі Ақжар ауданындағы Айсары ауылы маңынан онша алыс емес Сазбауыр ағаш деп аталатын жерде өмір есігін ашқанын көп адам біле бермейді. Бұл мәлімет көзі тірісінде журналистиканың жампозы атанған Жанайдар Мусиннің “Жер шоқтығы Көкшетау” атты кітабында да кездеседі. Кітап дерегіне сүйенсек, ол кезде Ақмола губерниясының Омбы уезіндегі Николаев болыстық басқармасына қарасты Сазбауыр шоғын қарауыл руының ағайынды Шабар, Шаншар атты жонжарлары мекендеген. Бірде Шабардың Әнапия атты баласы Баянауылдағы тұрмысы тұралап қалған қайын жұртын қолына көшіріп алуға қам жасайды. Сөйтіп, ағайын-туыстарымен, бәйбішесі Шымпырмен ақыл қоса отырып, бес жүз шақырым жерге ат жіберіп, қайын енесі Мұнтайды, балдыздары Әубәкірді (Шоқпыт), Қожахмет пен Мешелді көшіріп алып келеді.

Әубәкір (Шоқпыт) Шаншардың Жадай деген ұлынан туған немере қызы Зүфнүнді алған екен. Осы Сазбауыр қыстауының баурайында Шоқпыт пен Зүфнүннің

тұңғышы Сұлтанмахмұт дүниеге келеді. Осы жердегі нағашы жұрты болашақ ақынның алаңсыз сәби шағының куәсі болды. Тұңғышы үш жасқа келгенде, Зүфнүн қайтыс болады. Осы оқиғадан соң араға үш жыл салып, Шоқпыттың жездесі Әнапия пен апасы Шымпыр оларды Айдабол, Қаржас руына ежелден мекен болған Баянауыл баурайына, атақонысы Торайғыр көліне көшіреді. Ақынды дүниеге әкелген Зүфнүн ананың өз жұртында, яғни Қызылжар өңірінде мәңгілік тыныштық тапқаны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың Айсары ауылы маңында туғанын дәттей түседі.

Ақынның өмірімен, шығармашылық мұрасымен мектеп қабырғасында, одан кейін жоғары оқу орнында оқып жүрген кезімізде зерттеушілердің еңбектері арқылы таныстық. Алғаш әкесінен ескіше хат танып, 13 жасынан Мұқан, Әбдірахман, Тортай деген молдалардан дәріс⁴ алады. 1911 жылы жаңаша оқыған Нұралы ұстазының көмегімен қазақ, татар тілдеріндегі әдеби кітаптармен, газет-журналдармен танысады. 1912 жылы Троицкідегі Ахун Рахманқұли медресесіне түседі, бірақ мұнда бір жылдай оқыған ол өкпе ауруының зардабынан оқудан шығып қалады. Торайғыров енді медреседе оқуды қойып, орысша білім іздейді, қала маңындағы елде жаз бойы бала оқытады. Осы кезден ақындыққа ден қойып, “Оқып жүрген жастарға”, “Тәліптерге” (“Шәкірттерге”), “Ендігі беталыс”, “Оқудағы мақсат не?”, “Анау-мынау”, “Мағынасыз мешіт”, “Жарлау”, “Досыма хат”, “Шығамын тірі болсам адам болып”, “Түсімде”, “Жазғы қайғы”, “Қымыз”, “Кешегі түс пен бүгінгі іс”, т.б. өлеңдерін, “Зарландым” атты көлемді очеркін жазды. Осы тұста қазақ әдебиетінің бай мұраларының біріне баланған тұңғыш рет өлеңмен жазылған “Қамар сұлу” романын жазуды бастағаны әдебиетсүйер қауымға

белгілі.

Қаламгердің осынау ұлан-ғайыр әдеби мұрасы оны қазақ әдебиетінің классиктері қатарына қосты. Күрмеуі қиынқысталаңзаманданебәріжиырмажеті-ақжылғұмыр кешкен ақынның артына осыншама еңбек қалдыруы, шығармаларындағы ұлтжандылық рухтың күштілігі, ұлтының бақытты болашағы жолындағы қайтпас күрескерлігі, азаматтық арының биіктігі, дарынының дархандығы өскелең ұрпаққа үлгі. Сұлтанмахмұт Торайғыров – ұлтжанды, өршіл ақын. Шығармаларынан есетін жаңашылдық, еркіндік, еңбексүйгіштік леп оның есімін бүгінге жеткізіп, уақыттың шаңына жұтқызбай алып келеді.

Ақынның өмірі мен шығармашылығын тереңнен толғап зерттеген ғалымдардың бірі – Астанадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Мақсат Алпысбес. Ғалыммен телефон арқылы тілдескенімізде алаш арысының арғы аталары жайлы зерттеу еңбегін жазып бітіріп, оны жақын арада баспаға ұсынатынын айтты. Ғалым өз зерттеуінде мынадай мәлімет келтіреді: “Сұлтанмахмұттың арғы атасы Құлболды батыр (1540-1630) – Төртуыл одағының рубасы, көсемі болған, есімі шежіре, жыр, дастан, толғауларда айтылады. Есім ханның тұсында өмір сүрген. Одан Тұлпар, Күлік, Айдабол, Ақбура, Қабылан есімді ұрпақтар тарайды. Олардың әрқайсысы тарихи тұлғалар. Ташкент маңын мекендеп ел қорғаған батыр әрі би болған, ерлігімен, шешендігімен ел аузында сақталып қалған Айдабол жайлы “Айдабол айтқан екен” деген сөз бар. Олар Жоңғар шапқыншылығы кезінде ерліктерімен көзге түседі. Біразы 1635, 1643, 1652-ші жылдардағы жау шапқыншылығы кезінде қаза табады. Сұлтанмахмұттың ата-бабалары – Құлболды әулие,

Едіге би, Торайғыр би және т.б. туыстары Баянтау, Ерейментау, Көкшетау өңірлерінде жерленген”.

Ал аяулы ғалым, марқұм Бейсембай Кенжебайұлының “Сұлтанмахмұт үшін сор кешкен” еселі еңбегінен сұңқаржүрек ақын мұрасының халыққа қайта оралғанын байқауға болатындай. Бұл жайында әдебиет сыншысы Құлбек Ергөбек: “Сұлтанмахмұт үшін де ақын жыр мұрасын қадірлейтін иісі қазақ Бейсекеге қарыздар”, – деп жазады бір еңбегінде. Иә, расында да, Бейсенбай Кенжебайұлы ақын аруағы үшін басын бәйгеге тіккенін, бұл жолда беделге бас имей, ақиқаттан танбағанын, ақынды таныту, тану, ақтау жолында ұлтшыл да, космополит те атанғанын көпшілік біле бермейді.

Б.Кенжебайұлы сонау қырқыншы жылдардың өзінде Сұлтанмахмұт Торайғыровқа ұлтшыл буржуазия өкілі деп жала жабылған кезеңде ақын мұрасына төніп келе жатқан қауіпті сезіп, оны “Халық ақыны” биігіне көтере бағалаған. Осыдан кейін құтылмас пәлеге қалады. Ол “Сұлтанмахмұт қазақ халқының ашынған ойын, мұңын, тілегін, аңсаған арманын, асыл сана-сезімін бойына сіңірген, қазақ халқының өмірі мен тұрмысын, әлеуметтік және рухани бейнесін түгел қамтып жырлаған талантты ақын” деген сөзі үшін қудаланған.

Сұлтанмахмұт Торайғыров алғашқылардың бірі болып “Алаш” қозғалысының жағына шыққаны, алашордалықтармен белсенді араласқаны кезінде жабық тақырып болғанымен, қазірде шындық екені дәлелденіп отыр. Ол Алаш көсемдерінің идеяларын қолдайды, оларға арнап өлең жазады. Алаш өкілдері ақын туындылары арқылы өз идеяларын насихаттайды. Алашорда үкіметінің алғашқы басшылары Ә.Бөкейхановпен, М.Дулатовпен, А.Байтұрсыновпен тығыз қатынаста болды. Қазақтың тәуелсіздігі туралы озық идеяларды

қолдады. Оның “Алаш ұраны” өлеңі осы тұста жарыққа шығады. Халқымызды аяулы тұлғаларынан, төл әдебиетінен алыстатқан келмеске кеткен кеңес заманында “Таныстыру” поэмасына “Алашорда басшыларын дәріптейтін шығарма” деген жалған ат тағылса, “Айтыс” поэмасы байшылдық-ұлтшылдықты қолдайды деп жарияланбады. Б.Кенжебайұлы өзінің зерттеу еңбектерінде ақын шығармаларының елдігімізді дәріптейтін, Алаш арыстарын ардақтайтын ұлттық құндылық екенін айта білді. “Бұл поэма 1917 жылдың күзі мен 1918 жылдың қысында Сұлтанмахмұт Абай елінде болған кезде жазылған. С.Торайғыровтың бұл поэманы жазуы кездейсоқ емес. Ақын бұл поэмасында қазақты Алаш қозғалысының өкілдерімен таныстырады. Сөйтіп, Алаш зиялыларының тарихи галереясын жасайды. “Алаштың” тұлғаларын – Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Халел Ғаббасұлы, Мұқыш Боштайұлы, Жақып Ақпайұлы, Райымжан Мәрсекұлы, Биахмет Сәрсенұлы, Нәзипа Құлжанова, Нұрғали Құлжанов, Шәкәрім Құдайбердіұлын суреттейді”, – деп жазады Б.Кенжебайұлы.

Ақын шығармашылығын филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов те зерттеген. “Уақыт пен кеңістік тұрғысынан алғанда түркі дүниесінде заманның суреттерін бағзыда ғұмыр кешкен тарихи тұлғалардың бейнесі арқылы айқын елестетті. Ол Тұран мемлекетінің атынан дауылпазша қанат қағып, сұңқарша сұңқылдап сөйледі. “Ер түрік ұрпағымен даңқы кеткен, бір кезде Еуропаны тітірктенткен. Кіргені есік, шыққаны тесік болып, Күнбатыс, күншығысқа әмірі жеткен” Ғұн империясының билеушісі, Ұлы дала перзенті Аттиланьң қаһармандық істерін мәлімдеді”, – деп жазады ғалым “Сұлтанмахмұт және дін” деген мақаласында.

Бүгінде өлеңімен өшпес із қалдырған поэзия пырағының есімін жас ұрпақтың жадында мәңгі жаңғырту мақсатында елімізде түрлі игі шаралар атқарылып келеді. Соның бірі өзінің аты берілген Павлодар мемлекеттік университетінде халықаралық “Торайғыров оқулары” ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізу дәстүрге айналған. Бұрнағы жылы елордадағы Ұлттық академиялық кітапхана мамандарының бастамасымен “Бір ел – бір кітап” республикалық рухани шарасы аясында ел болып оқу үшін Сұлтанмахмұт Торайғыровтың еңбектері таңдалғанғанын айта кеткен жөн болар. Былтыр С.Мұқанов атындағы облыстық ғылыми-эмбебап кітапханада, туған жері – Ақжар ауданында, Уәлиханов ауданындағы Кішкенекөл қазақ мектеп-гимназиясында, “Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып Күн болған” ақын, ағартушы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 125 жылдығына орай мәдени жиындар ұйымдастырылды. “Алаш идеясының жаршысы” армандап кеткен жер, су, тіл, дін, тарих сияқты құндылықтарды баянды ету бүгінгі қазақ жастарының асыл арманы болуы керек. Ақын ұлтқа қызмет етудің жасқа қарамайтынын өлеңдері арқылы айтып кетті”, – дейді Кішкенекөл қазақ мектеп-гимназиясының кітапханашысы Жұпаргүл Ахмедьянова.

Жиырма жеті жасында жарқ еткен жасын ғұмыр үйленіп, бала сүйіп, өмірдің дүниеауи қызығын көруге үлгермеді. Жоғарыда есімі аталған ғалым Мақсат Алпысбестен Сұлтанмахмұттың көзі тірі ағайындары жайлы сұрағанымызда ол: “Ақынның немере інілері мен туыстары өткен ғасырдың жетпісінші жылдарына дейін өмір сүрген”, – деп жауап берді. Профессор Бейсембай Кенжебайұлының жазуына қарағанда, Сұлтанмахмұт

қайтыс болғанда ақиық ақын Мағжан Жұмабайұлы жылап тұрып: “Алатаудай ақыныңнан айырылдың, қазақ, Қанатыңнан қайырылдың, қазақ”, – депті. Қазақтың бақыты жолында мұң кешкен марғасқа тұлғаның жоқтауы оның ұлтын сүйген нағыз Алаштың арысы болғанын дәлелдемей ме?

Жан жарасы

Өрістен ала сиырын қақпайлап айдап, оң жақ қабырғасы ырсыып, төбесі үңірейіп тұрған қораға қамағаны сол еді, жел соқпасын деп терезеге іле салған шүберектен үрікті ме, жануар жапсарлас есіктен шығып қашты да кетті.

– Атаңа нәлеттің малы, жем беремін деген емеурінімді де түсінбей, айдалаға қашасыңдар! Осы жаздан қалдырмай сойып немесе өрістен сиырының арқа жонын камшысымен осып-осып айдап әкелетін Мәуленге сатып жіберіп, көзіңе көк шыбын үймелетпесем бе! Осы сөзімде тұрмасам мұрным кесілсін! – деп айқайға басты.

Бұл – осыдан екі жыл бұрын кемпірінен айырылып, жалғыздықтың азабын тартып, бүтін бір әулеттің ғана емес, бүкіл ауылдың қайғысы мен мұңын жүрегімен көтеріп жүрген Базарбай ақсақалдың күнделікті әдеті. Оның айқайлағанда дүйім ауылға естілетін ащы дауысына көршілері де әбден үйреніп алған. Оларды қойшы, мақұлық малдың өзі кейде мойнын бұра қалып “айта бер, қолыңнан не келеді?” дегендей, тесіліп қарап тұрады. Қарамағанда, қашпағанда қайтсін?! Төбесі жауған жаңбыр суымен шұрық-тесік тесіліп, оң қабырғасы құлауға сәл қалған қораға кіргеннен жайылып жүргенін артық көретіндей. Ал Базардай болса жем-суын береді де сыртынан тас қылып бекітіп, үйіне

беттейді. Бүгін де солай істемекші болған.

“Уhhh” деп терең дем алды да, оты шала жанған пештің үстіндегі темір шәйнекті үстелге қойды. Жалғыз адамға ас батсын ба? Сазарған асқазанын алдаусыратып қояйын дегендей, қайнап-қайнап әбден қарайып кеткен шайдан бір-екі жұтты. Баяғыда кемпірі қойдың жүнінен тоқып берген белдігін шешіп, ескі кереуетке жانتая кетті. Ауық-ауық дөңбекшіп, ұйықтай алмады. Әлденелер еске түсіп, маза бермеді. Бәрінен бұрын оның жанына бататыны – тұрғындар саны азайып, күн сайын құрып бара жатқан ауылы. Кішкентайдан бірге өсіп, құрбы-құрдастарымен қырға барып бүлдірген мен құлпынай теретін бақытты шағының куәсі болған туған жердің бүгінгі тіршілігі кедейдің шұлғауындай жадау. Әлдебір жылдары жүз шақты үй түтін түтетіп, берекесі артып отырған ауылда бүгінде бар-жоғы жиырма шақты, ғана шаңырақ қалған. Бәрі – кәрі-құртаң, шал-шауқан. Жастарды желімдей байлап отырған орта мектеп осыдан жеті жыл бұрын, ал негізгі мектеп былтыр жабылды. Ауыл адамдарының үмітін үкілеп, үрлеп отырған шок та сөнді осылай. Енді оларды қалпына келтіруге бәрі кеш секілді. Екінші қабырғасына қара тастай бататыны жан дегендегі жалғыз баласының қайғысы. Қайғы дейтіндей, қайғы емес-ау!

Осы адам болсын деп жақсы деген оқу орнында оқытты, тоқытты. Сондағы бар арманы – ертең мұғалімдік мамандық алып беріп, құлдырап тұрған ауылды аяғынан тік тұрғызуға жол сілтеу. Енді бұл ойы да көңілден бұл-бұл ұшты. Мұнымен қоймай, қаладан үй алып, жақсы қызметке орналасқан ұлы жалғыз қалған әкесіне күн сайын мың мәрте хабарласып, көшіріп әкететінін айтады. Бұл болса телефон шалған сайын түрлі сылтау тауып, созбаққа салып алады. Үшінші

жанына бататыны кемпірінің жоқтығы. Оның бұл жердің бетін тәрк етіп, жақсылар жатқан қабірстанға көшіп кеткеніне тура екі жыл. Тірі болса тым болмағанда ас-суы даяр, күн сайын мұңға батпай, туған жерінен соңғы адам көшіп кеткенше отырар еді ғой. “Қасымда шаруама жәрдемдесіп жүргенде қадіріңді білмеген екенмін”, – дейді ауыр күрсініп. Пенде бірінің қадірін бірі тірі кезде түсінуші ме еді. Өлгеннен кейін бәрі алтын, бәрі жақсы. Әйтпесе, жатқан жері жайлы болғыр кемпірінің шалына жасамаған жақсылығы жоқ. Таңнан күн ұясына батқанға дейін тамағын әзірлеп, тер иісі сіңген киімін жуып, бір тыным таппайтын. Ара-тұра, шалы айқайға басқанда осы тыныш болсын деп басындағы орамалын беліне байлап, мал жайлауға да өзі кете беретін. Осылай жүргенде ол да кетіп қалды. Содан бері Базарбай ақсақал бір күні кемпірі қайтып оралатындай көзін көкжиекке байлап күн кешуде.

...Таңертең ертерек тұруды ойға алып, көзін тарс жұмып еді, ұйқы құрғыр келмей қойды. Ақыры болмаған соң терезеге карап, Айдың аппақ сәулесіне шомылған айналаны бір шолып өтті. Сағат тілі онның дәл тұсында. Бүгін Күн ұясына әдеттегіден ерте батқандай, бозғыл сәуле ғана сүттің қаймағындай ағараңдап тұр. Терезе әйнектерін сабалай ұрған теректер. “Бір кезде бұл теректер балғын шыбықтар еді. Қазір, тіпті, үйдің төбесіне шығып алып шулайтын болды”, – деп қояды кемсеңдеп. Артынша: “мен ертең бұлардан да көз жазып қаламын-ау”, – деп күрсінді.

Ұйқының ауылы алыс сияқты. Ендігі ойы – теледидарда. Қосып қалып еді, жаңалықтар жүріп жатыр екен. “Ауылды гүлдендіру қолға алынды. Осы мақсатта ел қазынасынан осынша қаражат бөлінеді” деген диктор жігіттің былайғы күндері қоңыр қаздың

қаңқылдағанындай жағымды шығатын дауысы бұл жолы құлағына тосын естілді. “Ауылды гүлдендіреміз дейді? Бәрі бекер. “Үрбәнизэция” деп жасын да, кәрісін де қалаға қарай шұбырттыңдар. Ауыл енді гүлденбейді”. Оның сөзімен санасып отырған жан жоқ. Ақсақалдың ренішін есік алдындағы иттің шіңк-шіңк етіп үрген дауысы бұзды. Біреу келгендей ме, қалай? Есік аузына шығып: “Кім екен бұл, “шырт ұйқыдағы” адамды оятып жіберген?” – деді дауыстап.

– Мен ғой!

– Менің кім?

– Есағаның үлкен ұлымын, Мираспын! Сағат әлі он емес пе, ата? Ұйықтап жатқан адамға ұқсамайсыз. Жаңа ғана терезеден теледидар алдындағы бейнеңізді көрген сияқты едім, әлде ол елес болды ма екен?

Ақсақал түк білмегендей мырс етті де:

– Елес шығар. Сен қашан келдің? Қалада оқымаушы ма едің? Әлде оқуынды бітіріп, туған жеріңді көркейтуге келіп қалдың ба?

– Жок, ата, демалыс кой. Оның үстіне әжем қолын сындырып алыпты, жағдайын сұрау үшін келдім.

– Ммм. Ауылда тұрамын деген біреуің жоқ. Жә, тыныштық па? Кеш қарайғанда қандай шаруамен жүрсің?

– Тыныштық, ата, ертең біздің үйге асқа келіңіз! Әкем әжемнің қолының сынғанын пәлекетке жорып, көршілерді шақырып, Құран оқытып жібермекші. Соған сіз келіп, Құран оқып кетсе деп еді.

– Соны таңертең айтсаңдар да болмас па еді, “адамды шырт ұйқысынан оятып”, – деді де баратынын айтқандай басын изеді.

Кейде осындай қыңырлығы болғанымен Базарбай ақсақалдың ешкімге зияны жоқ. Осы елмен бірге өсті,

өнді, көгерді. Үйленді, желкілдеген жастық шағын өткізді. Балалы-шағалы болды. Қыздарын тұрмысқа берді. Өзін осы жасқа келсе де ауылдың әр пұшпағына қарыз сияқты сезінеді. Күн ілгері озған сайын тозып бара жатқан ауылдың қоңырқай тіршілігі, жел өтіне мүжіліп, жатаған төмпешікке айналған үйлердің сиқы жанына батады. Ауылды сақтайық деп жанұшыра жүгіретіндердің қатары да сиреп барады. Оның үстіне, баласының өзінен алыста тұратыны жанын жабырқатып жүр. Кейде оны тісі шыққан балаға шайнап тамақ бергендей алдаусыратып қояды да, артынан қатты өкінеді. Екіұдайлы күй кешіп, қайда қаларын білмей дал. Кетіп қалайын десе көзкөргендерді қимайды.

Бір-екі рет қалаға барып, бірнеше күн болып қайтқан. Қаладағы тірлікке бойын бір үйрете алмай-ақ қойды. Жұртта қалғандай жетім күй кешті. Ішіп отырған суына да, шайына да шөлі қанбады. Ауылға келісімен үйінің арғы бетіндегі құдыққа барып, мөлдір суға бетін қайта-қайта жуған кездері де болды. Төрт күн бойы төрт қабырғада отырып, іші әбден пысып, ауылға келісімен әлгінде асқа шақырған Есағаның кемпірімен бірнеше сағат бойы шүйіркелесті-ай. Ертең сол Есаға ақсақалдың үйіне бармақ. Кемпірі сиыр сауамын деп жүріп қолын сындырып алыпты. Аруақтар бірдеңе дәметіп жүрген шығар деп, кемпірінің жасауынан қалған шкафтан Құран сүрелері жазылған кітапты алды да, бірнеше мәрте қайталап шықты.

“Әлхамдулиллаһи раббил ааләмин. Әр-Рахманир Рахиим. Малики яумиддин. Ияаака наъбуду уа ияаака настаин. Ихдинэссортал мустақим. Сыроталлазина эн амта алейһим ғайриль мағдууби алейһим уа ләддоллиин” деп “Фатиха”, іле-шала “Ықылас” сүрелерін оқып алды.

Ауылда Құран сүрелерін жатқа білетін ақсақалдардан

қалғаны екеу ғана. Оның бірі ауылға кіреберістегі мұржасы жапырайған үйдегі Мұзтау шал болса, бірі осы Базарбай ақсақал. Мұзтаудың өзі бірнеше айдан бері төсек тартып жатыр. Дәрігерлер ұзаққа бармайды, қамдана беріндер депті. Жиын-баталарға бәрі Базарбай ақсақалды шақырады. Бұрынырақта кемпірі қайтқанда елден ұят болмасын деп жаттап алған бірнеше сүресін, бәлсініп, дінтанушы ғалымдарға ұқсап, шақырған жерге сақалын бұлдап кешігіп баратын әдеті тағы бар. Бұл жолы да сөйтті.

Төргі бөлмедегі ауыл үлкендері молда ақсақал келе жатыр, орын беріндер, қолына су құйындар деп жамырасты. Өзіне көрсетілген ілтипаттың бәрін іші сезіп, төбесі көкке бір елі жетпей қалғандай отыр. Ас ішіліп, аяқ босатылды. Түнде қайталап оқып шыққан сүрелерді аруақтарға бағыштады, соңында күндегі әдетімен дұға жасады. Үй иесі қолына Құран ақысы деп бір-екі мың қыстырып еді, алмай, өзіне қайтарып берді. “Құранды адам ақша үшін оқи ма екен? Ол – Алладан рақым тілеу”.

Шай дайындалғанша үлкендер қыз-қыз әңгімеге кірісті. Қаладан Ардақ ақсақал арнайы келіпті. Ауылдағы мектепте ұзақ жылдар бойы еңбек пәнінен сабақ беріп, осы білім ордасынан зейнетке шыққан. Кейін балалары шақырып, қалаға көшкен. Бүгін де елден ерекшеленіп, қаланың тіршілігі жайлы әңгіме айтып отыр.

“Жастықта бейнет бер, қарттықта зейнет бер” деген рас екен-ау. Алла көп көрмесін, еңбегімнің рақатын көріп отырмын. Қалада сол, ішкенің алдында, ішпегенің артында. Ауылдағыдай қиындық көрмейсің. Ұсақ-түйек жұмыстары таудан тас домалата салғаннан да оңай. Балалар бетімнен қақпайды. Қайда барғым келсе, сонда барамын. Ең бастысы, ұрпағымды жетімсіретпей,

соларға демеу болып жүрмін”, – деп баяғы әдетімен аузын қайта-қайта сипады да сөзін қайта жалғастырды. – Жағдайлары жоқтар ғана ауылдан айналшықтап шықпайды. Ақшасы барлар баяғыда қалаға көшіп, тұрмыстарын түзеп алған”.

Ел арасында “суайт Ардақ” атанып кеткен шалдың бүгін бәлсініп, өркөкіректене сөйлегенін естіген Базарбай ақсақалдың дүниенің шәт-шәлекейі шыққандай өңі бұзылып кетті. “Сиырға жем беретін уақыт болыпты. Мен, рұқсат болса, бара берейін”, – деп ақырын ілби басып, есікке таянды. Жұрт аң-таң.

Үйге жеткенше әлгі әңгіме жүрек қолқасына дәл тигендей маза бермеді. “Жай өтіріктен өрмек тоқып, сылдыр сөзден сырмақ сырып отыр”, – деп қояды арасында ішінен. Бірақ оның шындық екенін мойындамасқа шара жоқ. “Ізімнен ерген ұрпағыма демеу болмаған менің әкелік түрім құрысын. Қалаға бір-екі жыл көш қондырып, түкірігінің жерге түспеуін қарашы суайттың?” – дейді сосын. Үйге келісімен жалма-жан телефонға жармасып, ұлына қалаға көшетінін айтты. Жан дегендегі жалғыз баласында ес жоқ:

– Жаксы, әке, онда ертең келемін. Үйдегі жұмыстардың бәрін ретке келтіріп, көршіге тапсырып кету керек.

... Ақсақал ертең қалаға көшеді. Бірнеше жылда, тіпті, бірнеше емес, бас-аяғы бір жылда бұл ауылда жан баласы қалмайтын шығар. Ескі әдетімен көзін көкжиекке байлап, ауылдың тіршілігіне көз салды. Тым-тырыс. Анау төбеден қарауытып бейіт көрінді. Кемпірінің зираты. Бұл ауылда бұрын қарақұрым халық тұрғанын, небір жақсы мен жайсаңдарды түлеткен алтын бесік болғанын сол бейіт қана айғақтап тұратындай ертең.

Ертеректе біздің ауылда Қали деген кісі өмір сүріпті. “«Қалиға бақытты ғұмыр кешкізген аузынан шыққан

жақсы сөзі ғой», – деп айтып отыратын көзін көргендер. Бүгінде оның он баласынан тараған ұрпақтары сол елді мекенде түтін түтетіп отыр. Бәрі ағайын-туыстың ықыласы мен рақметіне бөленген жандар, олар туралы жаман сөз, ғайбат әңгіме айтылған емес. Қали марқұм аузынан шүкірін тастамаған кісі болыпты, тіпті, өзіне қиянат жасап, ақысын жегендерге теріс сөз айтпай: “«сендерді қос дүниеде де кешірдім. Мінсіз кім бар бұл жалғанда? Алған дүниенің өзіне де, отбасына да берекесін төксін», деп рақым тілейді екен. Сексен жылға жетер-жетпес ғұмырында жардың, не баланың қасіретін көрмеді. Үйде де, түзде де сыйлы болды. О дүниеге аттанарында да: “«Осынша ғұмыр жасағанымға шүкір, соңымнан ерген тұяқтарымның өмірі ұзақ та мағыналы болса етті», деп налымай кетіпті. Өмірден алынған бұл мысал атам қазақ айтып кеткен “«жақсы сөздің жарым ырыс» екенін айғақтай түспей ме?

Бар саналы ғұмырын қазақ әдебиеті мен мәдениетінің өркендеуіне, ұлт ғылымы мен білімінің дамуына арнаған халқымыздың арда ұлдарының бірі, әдебиеттану ғылымының тау тұлғасы – Тұрсынбек Кәкішев екендігі талассыз шындық. Тау алыстаған сайын биіктей түсетініндей қайраткерлік тұлғасы, тың көзқарасы мен биік ұстанымы уақыт жылжып, жылдар зымыраған сайын жаңа қырынан ашылары сөзсіз.

«Ғұмыры сөйлеп өтті ар тілінде...»

Тұрсынбек Кәкішұлының қазақ әдеби сыны мен оның тарихын зерттеу саласына арнаған еңбегі ұшан-теңіз. Қаншама ғылыми еңбектер жариялап, әдебиеттің жоқшысына айналған шәкірттер тәрбиелеген

қайраткердің жары, филология ғылымдарының докторы, профессор Күләш Ахметпен болған әңгімеміз ғалымның өнегелі өмірі, қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына сіңірген ерен еңбегі аясында өрбіді.

– Күләш Садыққызы, “адамдар мен адамдар арасын дәнекерлеп, елдер мен елдер арасына рухани байланыс орнатудың өзіндік алтын көпірін орнықтырған алаштұлғалы қайраткерді” қазақ халқы, соның ішінде Қызылжар жұртшылығы ерекше қадірлейді, мақтаныш санайды. Бұл кездейсоқ емес. Адамның тұлға болып қалыптасып, елге танылуына қасиетті топырақтың тигізер септігі болса керек?

– Қазақ руханиятының көшін алға сүйреген небір саңлақтардың іздері сайрап жатқан қасиетті Қызылжар өңірін Тұрсекең ерекше перзенттік махаббатпен, іңкәр жүрекпен жақсы көрді. Біз жиырма жылдан астам отасқан жылдар ішінде бірнеше мәрте Қызылжар топырағына табан тіредік. 2000 жылы көрнекті жазушы Сәбит Мұқановтың 100 жылдығына арналған конференцияға, осы мерейтойға орай Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі қатысқан ауқымды жиынға, 2002 жылы қазақ көркемсөзінің зергері атанған қаламгер Ғабит Мүсіреповтің ғасырлық тойына, Қожаберген жырау, Сегіз сері бабаларымызға арналған іс-шараларға бірге бардық. Оның үстіне Омбының мұрағаты Тұрсекеңнің екінші үйі сияқты болды. Өмірінің басым бөлігін сонда өткізді. Жазғы демалыс кезінде жеңіл көлікпен Қызылжардың қарағайлы орманын аралағанды жаны сүйетін. Екеуіміз жергілікті қаламгер азаматтарға, шенеуніктерге алдын ала хабар берместен талай мәрте келіп-кетіп жүрдік. Ақан сері, Біржан сал сияқты ұлттық ән өнері жарық жұлдыздарының, ақиық ақын Мағжан Жұмабаевтың іздері қалған

өлкенің тамылжыған табиғатын тамашалаймыз. Ол көзі тірісінде-ақ табалдырықтан биік таудың, туған жерге деген махаббаттан асқан сезімнің болмайтынын түйсініп, өлшеусіз еңбегі арқылы дәлелдеп кетті.

Ақын Жақан Сыздықовтың 100 жылдық мерейтойының да сәтті өтуіне марқұм Тұрсекең көп еңбек сіңірді.

– Тұрсынбек Кәкішевтің өнегелі өмір жолына, артына қалдырған бай мұрасына үнілсек адамзат баласына өз ұлтын сүюден, ұлтқа адал қызмет етуден асқан бақыттың жоқ екенін аңғарамыз. Бала кезінде геолог болуды армандаған жарыңыздың зерттеушілікке, ғылым жолына бет бұруына не себеп болды?

– Иә, Тұрсекең Алматыдағы геологиялық ғылымдар институтына оқуға түсуді мақсат етті. Оған дейін қазіргі Ақмола облысындағы қазақ театрында қызмет атқарды. Бала күнгі арманын жүзеге асыру ойымен Оңтүстік астанамыздағы геологиялық ғылымдар институтын іздеп келе жатып, жолда төбесі көк тіреген зәулім ғимаратты көреді. Ол қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті болатын. Ішіне кірсе алдынан Қайыржан Бекхожин шығып, ай-шайға қарамастан “сабақ уақытында қайда жүрсің?”, – деп сұрайды. Ғалымның бұл сауалына жас жігіт “Егер сіздер мені оқуға қабылдасаңыздар, осында қуана-қуана қалушы едім”, – деп жауап қайтарады. Қ. Бекхожин ертең жазушы Мұхтар Әуезовтің дәрісі болатынын, содан қалмау қажеттігін ескертеді. Тілі де, ойы да шұрайлы қаламгердің дәрісін тыңдаған Тұрсекең осы оқу орнының журналистика факультетіне құжаттарын тапсырады.

Тұрсекеңнің, оның ғылым жолын қуған замандастарының балалық шағы, жігіттік дәурені қиын заманда өтті ғой. Қолдан жасалып, халықты қынадай қырған ашаршылық, репрессия, Ұлы Отан соғысы

қазақты елге дұрыс сөз айта білетін зиялыларынан айырды. 1927-32 жылдар аралығында өмірге келген ұрпақ осы бейнеттің, зұлматтың орнын толтыруға келген өкілдер сияқты көрінеді маған. Тұрсекендер, оның үзеңгілес достары елдің жағдайына жастайынан алаңдады. Зейнолла Қабдолов, Серік Қирабаев, Рахманқұл Бердібаев, Нығмет Ғабдуллин, Айқын Нұрқатов, Балемер Сахариев – бәрі қазақ халқының, әдебиеттану ғылымының бағына туған тұлғалар. Олар оныншы сыныпты бітірісімен ойынды ойға айырбастады, баспаларда автор атанып, оқулықтар шығарды, журналист болып қызмет етті.

– Тұрсынбек Кәкішев қазақ әдебиеттану ғылымының жаңалықтармен байытып, қазақ әдебиетінің классигі, жаңашыл ақын Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы турасында том-том зерттеу, эссе кітаптарын жазып, сәкентану ғылымының негізін қалады ғой. Осы жөнінде кеңірек айтып берсеңіз.

– Ең қорқыныштысы сол – 1957 жылы Сәкен Сейфуллиннің, Ілияс Жансүгіровтің, Бейімбет Майлиннің әлі ақталмаған кезінде Тұрсекең Уфада мынадай оқиғаны басынан өткереді. Кітапханадан сыртқа шыға салысымен алдында үйіліп жатқан кітаптарды көреді. Оны бірнеше адам өртейін деп жатады. Өмірде өте ширақ қимылдайтын Тұрсекең лезде жандарына жетіп барып, себебін сұрайды. Кітаптарды ақтарып қараса, араб, латын әріптерімен жазылған туындыларды көреді. “Рұқсат етсеңіздер, бұл кітаптарды мен еліме алып кетейін”, – дейді. Бейтаныс кісілер мұның кітапхана директорының рұқсатымен ғана мүмкін екенін айтады. Директорға барған екен, ол кітаптарды сатып алсаңыз беремін депті. Иссапарда жүрген адамда қайдан артық ақша болсын?! Әдебиет институтының директоры

Сактаған Бәйішевке телефон соғып, маңызды кітаптар тапқанын айтып, қаражат сұрайды. Тұрсекең жеке басына, өміріне төнген қауіпке қарамастан, Алаш арыстарының 700-ге жуық кітабын алып келеді. Оған дейін де талай ғалымдар Уфадағы кітапханаға бармады дейсіз бе? Барып жүрді, бірақ Алаштың мұрасын алу түгілі, есімдерін естуге қорқатын заман болды.

Тұрсекеңнің 700 кітапты елге алып келгенін қазақ зиялыларының бәрі естіді ғой. Олардың арасында Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнәр апайымыз да бар еді. Оның жұбайы, “Егемен Қазақстан” газетінде қызмет істейтін Әбен Сатыбалдиев бірде Тұрсекеңмен кездесіп, одан осы сапары жайлы сұрайды. “Сіз Уфаға барып, құнды кітаптар алып келген екенсіз. Қолыңызда кімдердің жинақтары бар?”, – деген сауалына Тұрсекең “Қандай автордың кітабы керек еді?” – деп қарсы жауап береді.

Ә.Сатыбалдиев Тұрсекеңнің құлағына “Міржақып Дулатовтың кітабы бар ма?” деп сыбырлап айтады. Тұрсекеңнің батыл дауыспен “Иә, “Бақытсыз Жамалы” мен “Оян, қазағы!” бар деуінің өзі ерлік еді. Іле-шала Әбен өзінің Міржақып Дулатовтың күйеубаласы екенін айтады. Өмірден озғанға дейін Гүлнәр апай Тұрсекеңнің осынау ерлігін аңыз қылып айтып жүрді. Сол заманда Алаш арыстарының еңбегі түгіл есімдерін айту мұң болатын. Тұрсекең бас қамын ойламады, әдебиетке адалдық танытты. Ол – мінезден. Ұлтты сүюдің, ғылымға берілгендіктің көрінісі. Гүлнәр апайымыздың “Кітапты жолдасым алып келгенде дауыстап қатты жыладым. Әкем тіріліп келгендей болды. Содан кейін мен жасы кіші болса да, Тұрсынбекті әкем сияқты қабылдадым”, – деп баға беруінің өзі Тұрсекеңнің азаматтығын айғақтамай ма?

Гүлнәрапай Тұрсынбекке сыйлаған бір қолжазбасында “Әкем ақталғанға дейін, яғни, 1957-89 жылдары жүрегімде өксік жүрді. “Айналайын, Тұрсынбек!” деген жылы сөзді оған зияным тиіп кете ме деп дауысымды шығарып айта алмадым”, – деп жазыпты. Тұрсекеңді жақсы көргені сондай, “Сен менің әкемді тірілтіп әкелгенсің”, – дейтін. Үйіне шақырып алатын. Ерекше мейіріммен қарайтын.

– Сіз өзіңіз де сәкентанушы емессіз бе? Сәкеннің өмірі, шығармалары туралы жазған ғылыми мақалаларыңызбен таныспын. Ақынды ғылыми еңбектеріңіздің басты нысанына айналдыруыңызға не түрткі болды?

– Тұрсекеңнің қасында сәкентанушымын деп айту ұят. Мен Сәкен мұралары тақырыбында ғылыми мақала жазып отырып, өзіме беймәлім нәрсені сұрай қалсам, Тұрсекең ерекше ықыласпен жауап беретін. Сәкеннің өміріне қатысты тағдырлар, оқиғалар, жылдар мен күндер Тұрсекеңнің жадында сайрап тұрды. Тұрсекең Сәкеннің өзіне арнап он алты кітап шығарды. Қазақтың Абайды, Шәкәрімді, Мұхтарды зерттеген әдебиеттанушыларының қай-қайсысын алып қарасам та, мұндай жанқияр дүние қалдырған ғалымды кездестірген емеспін. Осы тұрғыдан алып қарағанда оның еңбегіне, адалдығына, өзі өмірден өткеннен кейін, тіпті, риза боласың. Шыны керек, мемлекетке кейде қарным ашып, іштей ренжитін кездерім де болды. Мемлекеттік сыйлықты бір поэма үшін алып жатқан адамдар да бар. Мұндай құрмет Тұрсекең сияқты елдің руханиятына қалтқысыз қызмет еткен, әдебиетті алға сүйреген тұлғалардың ерен еңбектеріне берілмей ме?

Тұрсекеңнің алған атағынан даңқы басым болды. Даңқ – таза еңбектің өтеуі. Ол көзі тірісінде “таза еңбекпен келетін атақтың бәрін алдым. Сайлаумен,

тамыр-таныстықпен берілетіндер маған жат”, – дейтін.

Сәкентану ғылымына ден қоюымның өзіндік себебі бар. Бала кезімде үйде үлкен қара радиоқабылдағыш болды. Төрт жасымда алғаш рет Садықбек Сапарбектің атылғаны туралы суыт хабарды естідім. Адамды өлтіру, ату дегенді түсінбей, оның себебін сұрағанымда әкем “Балам Садықбектер түгіл Сәкендер де атылды ғой”, – деді. Сол уақыттан бастап Сәкен деген кісінің кім болғанына құмарта бастадым. Мектепте С.Сейфуллинді ақын, жазушы, драматург деп қана оқыдық. Университетті бітірер кезде диплом жұмысымды Сәкеннің шығармаларынан қорғағым келді. Алайда, кафедра меңгерушісі Зейнолла Қабдолов қарсы болды. Өзімнің осы тақырыпты таңдағанымды айтып, ол кісінің алдына бірнеше мәрте бардым.

Сол кезде Зекеңнің ашумен “Сен өзі айтқаныңнан қайтпайтын қандай баласың? Сәкентану саласына қандай жаңалық енгізбексің? Бұл тақырыпты Тұрсынбек жеріне жеткізіп зерттеді емес пе? Мына бәлеге “Сәкен прозасындағы жұмысшы тақырыбын” беріндерші!” – деп айтқаны менің есімде бүгінге дейін сақтаулы.

Содан не керек, жетекшім болып Тұрсекең бекітілді. Ол менің зерттеу еңбегімді өте жақсы бағалады. “Саған дейін бұл тақырыпты ақын Күләш Ахметова қорғаған. Сенің болашағыңнан зор үміт күтуге болады. Ғылыммен айналысам десең, жолың ашық”, деп жылы лебізін білдірген Тұрсекеңнің маған өмірлік серік болғаны тағдырдың сыйы шығар.

– Сөзіңіз аузыңызда, жуырда Тұрсынбек Кәкішевтің “Сәкен сүйген сұлулар” кітабын екінші рет оқып шықтым. Сол туындыда есімі ерекше құрметпен аталатын Сәкен Сейфуллиннің жары – Гүлбаһрам апаймен ол өмірден озғанға дейін аралас-құралас болған шығарсыз?

– Мұның бәрі маған дейін болған. Гүлбаһрам апайдың көзін көрмесе де сіңлілерімен жақын араластым. Олар бүгінде Алматыда тұрады. Тұрсекеңе қатысты шаралардан қалыс қалған кездері жоқ.

– Жазушы Әбіш Кекілбаев бір естелігінде “талай-талай буырқанған айтыстардың төрінен бурыл шашын әнтек дудыратып Тұрсекең сөйлейді. Ешкімнің бет-жүзіне қарамайды. Ойындағысын ақтарады. Ұзақ жыл шұқшия зерттеп, әбден көзі жеткенін айтады. Қилы тағдырларды одан әрі қиындатқан жоқ. Қиын гәптерді орынсыз оңайлатқан да жоқ”, – деп жазыпты. Бұл Т.Кәкішевтің жазушылық, зерттеушілік қырын танытқандай. Отағасы, жар ретінде қандай еді?

– Тұрсекең өте парасатты, мәдениетті болды. Кейде “сенің де, менің де түсім суық. Бізге адамдардың жолауы қиындау”, – дейтін. Мен Тұрсекеңнен 31 жас кішімін. Арамыз осынша алшак болса да ол менің нағыз сырласым, жанашырым бола білді. Зейнолла Қабдолов, Рахманқұл Бердібаев сияқты азаматтармен бірге отырған сәттерінің талай куәсі болдым. Үшеуінің әдебиет төңірегіндегі “тартыстары” шөлінді қандыраардай еді, ер азамат, отағасы ретіндегі әңгімелері күнделікті күйбің тіршіліктен әлдеқайда жоғары болатын. Тұрсекеңнің өмірден озғаны менің қабырғамды қайыстырды, өмірімнің бұлыңғыр сәтіне айналды. Жиырма жылдан астам уақыт бойы бір жастыққа бас қойып, өмірде де, ғылымда да бір ауамен тыныстаған жанның жаныңнан жылыстауы кімге болса да қасірет емес пе?

Оның араласқан достарының ішінде ең шоқтығы биігі Зейнолла Қабдолов еді. Зекең дүниеден өткенде Тұрсекең қатты киналды. Қаралы жиында оның жанарына жас алып сөйлегенін бірінші рет көрдім. “Зеке, сен мені кілең бала - шағаның ортасына тастап кеттің ғой, – деді

ол. Осыны естіген филология ғылымдарының докторы, профессор Сәрсенбі Дәуітовтің Тұрсекеңе “Сіз үшін бала-шаға болудың өзі бақыт емес пе?, – дегені бар.

Ақын Ғалым Жайлыбай:

“Аға де, арысым де,

артығым де,

Ұқсайтын өзінің де

қалпы Күнге.

Тұрсынбек Кәкішұлы

бір білерім,

Ғұмыры сөйлеп өтті ар тілінде”, – деген жолдармен өрілген өлеңінің арқауына айналған бірегей тұлғаға жар болғанымды өмірімнің ең жарқын сәттері деп бағалаймын.

– Қаламгердің көзі тірісінде орындамаған арман-мұраттары болды ма? Оның артында қалған мол мұраларын жас ұрпақтың санасында қалдыру бағытында қандай жұмыстар атқарып жүрсіз?

– Осыдан бірнеше жыл бұрын Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада Тұрсынбек Кәкішев атындағы зал ашылды. Оған есімдері елімізге белгілі ақын-жазушылар, ғалымдар қатысты. Тұрсекең көзі тірісінде өзінің туған жерінің азаматтарына ағалық ақ пейілмен қамқор болды. Солардың бірі – аяулы азамат Жарасбай Сүлейменов. Залдың салтанатты ашылуына арнайы келіп, Тұрсекең жайлы тебіреніп сөз сөйлеген оның бүгінде елдің тәуелсіздігі жолында аянбай еңбек еткен ұлт зиялыларының ұрпақ жадында жаңғыруы бағытында атқарып отырған жұмысы көңілге қуаныш ұялатады. Сол залда бүгінде Тұрсекеңе арналған іс-шаралар, өзге де мәдени жиындар өткізіліп тұрады. Соның бәрін ұйымдастырып, қадағалап отырған кітапхана директоры Үмітхан Дәуренбекқызына алғысым шексіз.

Былытыр “Ер Жәнібек” халықаралық қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен шағын футболдан дәстүрлі турнир Тұрсекеңнің 90 жылдығына арналды. Осы қордың жанынан бір рет шығатын “ER JANIBEK CUP” журналының Тұрсекеңе арналуы да көңілге қуаныш. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетінде Тұрсынбек Кәкішев атындағы аудитория бар. Астанадағы Сәкен Сейфуллин мұражайы жыл сайын Тұрсекеңді еске алу шарасын өткізеді. Астанадағы “Фолиант” баспасынан “Нар тұлға” сериясымен Тұрсекең туралы әдеби-ғылыми ғұмырбаян жарық көрді. Мұның бәрі айбынды азаматқа деген халықтың ыстық ықыласын көрсетеді.

Ол кісінің бір арманы – Шоқан, Ыбырай, Абай сынды қазақтың ұлы үш демократының қатарына Ахмет Байтұрсыновты қосу еді. Оған қатысты ғылыми дәлелдері, жинаған көп дүниелері бар болатын. Сосын халық ауыз әдебиеті фольклор емес екендігін дәлелдегісі келді. Бұл туралы арнайы зерттеуді қолға ала бастаған еді. Бұл енді болашақ ғалымдардың еншісінде қалды.

Ол кісі бакилық дүниеге аттануды іссапарға баратындай қабылдады. Өзін-өзі дайындай бастады. “Біраз шаруа бітірдім ғой. Енді өмірден өтсем ешкім өкпелей қоймас”, – дейтін. Мен көңіліме алып, жамандық шақырмаңызшы деймін ғой. Сонда: “Ол жақ жаман емес-ау, жаман болса, Зейнолла бір есебін тауып келетін еді. Сен қорықпа”, – деп әзілге айналдырып жіберетін. “Зейнолла Қабдоловты сағынамын” дейтін. Зекең қалай қайтыс болды, сол күзден бастап Тұрсекең де жалғызсырады.

– Әңгімеңізге рахмет!

Дулыға

Алматыдағы М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының әртістері өңірімізге гастрольдік сапармен келді. Сахнагерлер бір аптаға жуық уақыт бойы қызылжарлық көрермендерді өз өнерлерімен тамсандырмақ. Өнер иелерінің қатарында есімдері елімізге белгілі тұлғалар, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері бар. Солардың бірі – кино және театр актері, Жастар одағы сыйлығының иегері Дулыға Ақмолдамен әңгімелесудің сәті түскен еді.

– Дулыға Досмахамбетұлы, сізді жұртшылық актер ретінде телеэкранның арғы жағынан көргенімен, жеке өміріңіз, отбасыңыз, бала-шағаңыз туралы біле бермейді. Солтүстікқазақстандық көрерменге алдымен өзіңізді таныстырып өтсеңіз.

– Марғасқа Мағжан ақынның табанының ізі қалған киелі Қызылжар топырағын басу маған да бұйырған бақыт екен. Жергілікті жұртшылық бізді жылы шыраймен қарсы алды. Соған көңіліміз тоқ.

Мен Жамбыл облысының Сарысу ауданында дүниеге келдім. Сол жерде он жылдық мектепті бітірдім. Содан арман қуып Алматыға келдік. Т. Жүргенов атындағы театр және көркемсурет институтына Тұңғышбай Жаманқұловтың шеберханасына қабылдандым. Төртінші курста оқып жүргенде оңтүстік астанамыздағы бірқатар театрларда жұмыс істей бастадым. Құдай қосқан қосағым, жиырма бір, он алты, он төрт жастағы үш қызым бар.

Менің өнерге, соның ішінде театрға қадам басуыма ата-анам мен туыстарымның ықпалы зор болды. Олар ауылдағы Ықылас Дүкенұлы атындағы музыкалық мектепке берді. Сәби шыр етіп дүниеге келгенде оның

тағдырымандайына жазылады деген түсінік бар ғой. Менің ойымша, періштенің мандайына мамандығы да қатар жазылатын сияқты. Бала кезімде суретші, архитектор, тіпті судья болуды армандаған сәттерім де кездесті. Бірақ бір тылсым күш мені өнерге қарай ұмтылдыра түсті. Шертпе күйдің шебері Саян Ақмолда екеуміз ансамбль құрып, ауыл жұртшылығына түрлі спектакльдерден үзінділер көрсететінбіз, қысқаметражды фильмдер түсіруге деген талпынысымыз да сәтсіз шықпады. Міне, осындай ұмтылыстардың барлығы мені бекзат өнердің, театрдың сахнасына алып келді. Бүгінде елге танылды, көрген жерде көрермен бетімізден сүйіп, ыстық ықыласын танытып жатады. Тағдырыма ризамын.

– Есмұхан Обаев, Әубәкір Рахимов, Болат Атабаев, Қайрат Сүгірбеков, Нұрканат Жақыпбай сияқты “мен” деген режиссерлермен жұмыс істегендердің қатарында өзіңіз де барсыз. Сіздің буын қазақ театрының негізін қалаған майталмандардың жұрнағын көрді, солардан тәлім алды. Сіздер театрдың шарықтап тұрған алтын дәуірінде емес, ең бір құлдырап тұрған қиын кезеңінде, нақтырақ айтқанда, тоқсаныншы жылдары көрерменнің алдына шықтыңыздар. Менің ойымша, күңгірт тартқан сахнаны аш-жалаңаш жүріп жарық етуге тырысқан сіздердің еңбектеріңіз қандай құрметке болсын лайық. Бұл пікірмен келісесіз бе?

– Иә, біздер сол кезде рухани демеуге мұқтаж болсақта, өнер мұратына адалдық таныттық. Сол жылдары әдебиетке қосылған буынды ақын Темірхан Медетбек ағамыз “алтынкөпірліктер” деп атап, циклді мақалалар жазғаны есімізде. Шыны керек, әдебиеттің ғана емес, театрдың төңірегіндегілер де жылы сөзге, мейірімге, қолдау мен ықыласқа зәру еді ғой. Екіншісі, егіздің сыңары актер бола алмайды. Бойында дарын деген

ерекше қабілеттің ұшқыны бар кез келген адамды мен тегін деп айта алмаймын. Сондықтан да қазақтың өнеріне, төл мәдениетіне жүрегімен, ғұмырымен адал қызмет етіп жүрген кез келген талант иесі құрметке лайық.

– Сіз Т. Жүженоғлының “Көшкіндегі” жігітті ойнағанда ескілікпен, қоғамды құрсауда ұстаған үреймен күрестің символын көрдік. М. Кәрімнің “Ай тұтылған түнінде” Диуананы сомдағанда кейбір “ақылы ауысқан” жандардың “есі түзу” адамдарға қарағанда саналырақ екенін байқап, шеберлігіңізге тәнті болдық. Жалпы рөлдеріңізге қарап отырып сіздің қалай күлу, қалай жылау ғана емес, не үшін күліп, не үшін жылауды білетініңізді аңғарамыз. Жалпы актер болу үшін адамға қандай қасиеттер керек деп ойлайсыз?

– “Мен” деп мақтаншылыққа салынудың, көкірек керудің жөнсіз екенін білемін. Бірақ әріптестерім мен ұстаздарым: “Сіз сахнада ар мен адалдықты мықты сомдаған актерсіз. Сондай-ақ зұлымдықты да сізден артық сомдайтын актерді кездестіру қиын”, – деп баға бергеніне қарап, іштей марқаятыным тағы бар. Қарапайым адамдардың арасынан қайнап шыққандықтан ба, бір-біріне қиыспайтын сан түрлі адамдардың жүріс-тұрысын, сөйлеу мәнерін, қимыл-қозғалысын, күйінгені мен сүйінгенін, күлгенін, жылағанын – бәрі-бәрін өн бойыма сыйғызғым келеді. Актерді актер ететін – ар мен бостандық, шындық пен махаббат қана емес. Нағыз актер қызғаныш пен пасықтықты ойнағанда да алдына жан салмауы керек.

Бүгінде жасымыз елуге келіп қалды ғой. Адам қанша өмір сүрсін өзін-өзі зерттеп тауыса алмайды екен. Сондықтан да қандай маман иесі болмасын, ер мейлі әйел болсын кез келген адам үнемі есею процесінде жүру керек деп ойлаймын. Мен қатты ашуланамын

да, көңілімді қалдырған сәттерді, адамдардың теріс әрекеттерін тез ұмытуға тырысамын. Күлсем, шынайы күлемін. Мұны өнерде “максималист” деп атайды. Бір орында тұра алмаймын. Қозғалыс үстінде, ізденісте жүргенді жақсы көремін. Бір күнім бір күніме ұқсап кетсе, өзіме көңілім толмайды. Кейде көпшілікті сағынамын да, кейде жалғыздықты аңсаймын.

Қазақтың ақын-жазушыларының еңбектерін оқығанды ұнатамын. Маған ұнайтын ақын – Мағжан Жұмабаев. Қызылжардың қыран ұлының:

“Мен қуансам, жас баладай қуанам,
Көрген адам талай деген: “Есалаң!”
Мен қайғырсам, орнатамын қиямет,
Жас баламын – тағы да тез жұбанам.
Күлсем егер, есім шығып күлемін,
Жылағанда, қап-қара қан төгемін.
Қасым болса, қанын ішкім келеді,

Досым болса, жолында оның өлемін”, – деп өрілетін өлеңі бар. Мағжанның қандай мінезді болғанын осы өлеңінен-ақ аңғаруға болады. “Болмасаң да ұқсап бак” деп Абай атамыз айтқандай, кейде өзімді Мағжанға ұқсататыным жалған емес.

– Сіздің “Ромео мен Джульеттадағы” Ромеоны, “Томирестегі” Спаргапсисті, “Қазақтардағы” Мойынсызды, “Суретшідегі” Суретшіні сомдағаныңыз өз алдына бір төбе ғой. Сахнада салмақты рөлдерде сомдап жүрген сізді “Сержан братан” сияқты “YouTube” арнасының сериалынан көргенде өз басым тосырқап қалдым. Бейәдеп сөздер жиі кездесетін сериалға түскеніңізді “бұл, қалайлап?” қабылдағандар жалғыз мен ғана емес екен.

– “Сержан братан” туралы айтпас бұрын, жалпы сериал туралы түсінікке тоқталғым келеді. Біз қаласак

та, қаламасақ та, әлемдік киноөндірісте сериал түсірудің маңызы артып, салмақты режиссерлердің өзі бағытын осылай қарай ойыстырып жатыр. Өйткені көркем фильмдегі аяқталмай қалған ойды жеткізуде сериалдың мүмкіндігі мол. Авторлық дүниеге қарағанда, сериалдың алға шығуының осындай себебі бар. Заман өзгеріп, заманға қарай өнердің мазмұны, тілі, тәсілі өзгеріп жатқан кезеңде “жоқ, мен көркем туындыға ғана түсемін” деп өзімді-өзім текке керексіз жалаң, жалған кеудемсоқтыққа байлап қойып отыра алмаймын. Иә, “YouTube” арналары түсіріп жатқан “Сәке”, “Сержан братан” сияқты сериалдардың идеясы да, сценарийлері де ұнады. Ешкім мені кинаған жоқ, жалынған жоқ, өзім келісім бердім. Себебі рөл ұнады. Екеуі де актерді басқа қырынан көрсететін, ашылуына мүмкіндік беретін өзге сипаттағы рөлдер болды.

–Қызылжарлық көрерменге қандай спектакль ұсынасыздар?

–Біз бір аптаға жуық уақыт бойы жергілікті жұртшылықты ұлттық құндылықтар мәселесі сөз болатын қойылымдармен сусындатпақпыз. Алматыдағы қарашанырақтың актерлері барын салып, балын сарқып береді. Соның біріне тоқтала кетейін, өзім басты рөлдердің бірін сомдайтын “Қара” туындысы. “Қара” – Абайдың “Қара сөздері” желісімен жазылған драма-диалог. Спектакль пікірталас формасында қойылған. Абайдың қара сөздері негізінде жазылған спектакльде жалғыз кейіпкер бар. Ол – Абай және Абайдың ойлары. Ол ойларға пішін дарытып, жан бүркетін отыз бес актер. Спектакль Абайдың кейінгі ұрпаққа айтып кеткен өсиетін бүгінгі заман тынысы, көкейкесті мәселелері аясында қарастыра отырып, ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрді, адамзаттық аңсарды дәріптейді.

– Әңгімеңізге рақмет!

Оқжетпесі өлеңінің

Айтыс десе ішер асын жерге қоятын қауым көнеден келе жатқан өнеріміздің жандануына Ерік Асқаровтың айрықша үлес қосқанын жақсы біледі. Өткен ғасырдың сексенінші жылдары алмас қылыштай жарқылдап, мірдің оғындай өткір сөздерімен, батыл ойларымен Алматыдағы Республика сарайына жиналған дүйім көрерменді риза етіп, орындарынан сан мәрте тұрғызғаны аңызға бергісіз ақиқат. Бізге ақынның жан жары Нәсіпжан апаймен әңгімелесудің сәті түскен еді.

– Сіз қазақтың аяулы перзентімен, айтыс дүлдүлімен бір шаңырақ астында 17 жыл түтін түтетіп, 6 баланың анасы атандыңыз. Ағамыз өмірде, отбасында қандай еді?

– Мен Ерікпен бірге өткізген өмірімнің әр күнін көктемге балаймын. Қысқа ғұмырында талай сәтсіздіктерге тап болып, қанша қиналып жүрсе де, үйге күліп келетін, көңіліндегі кірбінді сездірмеуге тырысатын. Өте балажан болды. Ұл-қыздарын қабақпен тәрбиеледі. Той-жиындарда ортаны қыран-топан күлкіге кенелтетін. “«Ерік айтыпты» деген әзіл, қағытпа әңгімелер ел арасында көп. Ұсақ-түйек шаруаларға араласпайтын. Мені “«асыл жарым, үш жүзден таңдап алған Нәсіпжаным» деп еркелететін. Ол дүние кумады, нағыз бақытты байлықпен өлшемеді. Көмекке мұқтаж адамдарға қол ұшын беруге, қамқорлық жасауға әркез дайын тұратын.

Оның қайырымдылығын ұмытпағандар әлі күнге дейін алғыстарын білдіріп жатады. Мына бір оқиға есімнен кетпейді. Көкшетау қаласында тұратынбыз.

Осындағы төрт бөлмелі пәтерімізді асырауында екі баласы бар ауған соғысына қатысқан жауынгерге тегін бере салды. “«Айтыстың ақберені» оншақты көлік ұтып алып, біразын туыстарына, таныстарына сыйлады. Бірде “«Volvo» маркалы машинасын 15 мың долларға сатпақшы болды. Алушының 11 мың ғана доллары бар екен. Саудаласқан жоқ. “«Темір тұлпарыңды» жуарсың», деп 100 долларын қайтарып берді.

Қарғадайынан қасына ерткен інісі Бекболат Тілеухан – бүгінде ел ағасы. Ағасының өнегесін аузынан тастамайды. Еріктің азаматтық, адамгершілік, мәрт мінездері туралы өзгелерден естігенде жаным сергіп, марқайып қаламын. “«Жақсының аты өлмейді» деген осы да.

– Ағамыз жауһардай жазба жырларымен де қалың қазаққа танылып, артына өшпес мұра қалдырды. Әлі жарияланбаған туындылары бар ма?

– “«Ақын Қасым Аманжоловтан кейін баспана тауқыметін тартқан – менмін», деп айтып отыратын. Алматыда қанша жыл тұрса да көзі тірісінде бір баспана бұйырмады. Содан кейін Көкшетау өңіріне қоныс аударуға тура келіп, жеті жыл тұрдық. Осы уақыт аралығында тоғыз әкім ауысқан қаланың тұрмысы, тұрғындарының жағдайы айтпаса да түсінікті еді. “«Байбөрінің боздауы», “«Күрсіне берді Көкшенің бұлты арылмай», “«Көкшетауға Абылайдай хан керек», “«Жолаушының жолы жарты» секілді кесек шығармалары майшамның жарығымен жазылды. Астананың Ақмолаға ауысқанын естіп балаша қуанды. Ойланбастан елордаға аттанды, қызметке орналасты. Көп ұзамай төрт бөлмелі пәтерге қол жеткіздік. Сол кездегі қуанышын тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. “«Нәсен, енді мені мазалама, Алла жазса, елу жасқа дейін елу томдық кітап шығаруым

керек», дейтін. Жазу үстелінің үстінде баспаға әзірлеген бір томдық кітабы, одан өзге “«Аэропорттан әрі – аспан» пьесасы және “«Абыл атаның әулеті» романы, көптеген естеліктері қалды.

“«Кірлеме менің жүрегім», “«Күзгі элегия», “«Құлыншақтарым» өлеңдеріне белгілі сазгер Еркеш Шәкеев ән жазды.

– Туған жері – Мағжан еліне жиі келетін бе еді?

– Кіндік кесіп, балалық шақ өткен қасиетті мекенді жанындай сүйетін. Төртінші сыныпта оқып жүргенде “«Туған жер» деген өлең шығарыпты. “«Мен ертең Қызылжарға тағы аттанам», “«Қызылжар», “«Қыс болса Қызылжарға кеткім келер», “«Барады ағып ерке Есіл», “«Көргің келсе қар бұрқаған боранды», “«Қызылжарда биыл тіпті қар қалың» тағы басқа көптеген жырларында перзенттік махаббаты айқын көрініс тапқан.

Мағжан атамыздың 110 жылдық мерейтойына қатысуға аттанар алдында “«Нәсен, мен бір жақсы түс көрдім. Мағжан екеуіміз аспанда ұшып жүр екенбіз» деген. Жақсылыққа жорып қойғанмын. Тағдырдың жазуын қарашы, туған жер төсінде мәңгілік сапарға аттанып кете барды.

Артында қалың іздеушісі, жоқтаушысы бар, соған шүкіршілік етемін. “«Ерім» дейтін Қызылжардай елі ұмытпапты. Осы жолы арнайы келіп, бір шараға қатыстым. М.Жұмабаев ауданындағы № 4 қазақ мектебіне атын беру туралы ұсыныс түсіпті. Астана мен Петропавлдың бір-бір көшесі де оның есімімен аталып жатса, көптік етпес еді.

– Айтпақшы, сіздер қалай таныстыңыздар?

– Мен Қарағанды облысы Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылының тумасымын. Алматыдағы республикалық эстрада және цирк өнері студиясын домбырамен ән салу

мамандығы бойынша бітіріп, аудандық мәдениет үйі жанынан құрылған ансамбльде жұмыс істеп жүргенмін. 1986 жылы айтыс өнері жаңғырып, дүбірлі додаға аудан атынан мені үкілеп қосты. Алматы телеарнасынан таланттыларды іріктеу үшін Жүрсін Ерман аға мен Ерік келіпті. Қиялымдағы жігітті кездестіре алмай жүрген ару едім. “«Көрдім де сені, кеттім мен оқыс оянып» деп Ерік жырлағандай бір көргеннен ғашық болып қалғанымды қайтіп жасырайын?

Қыздарымыз Айдана мен Айсана тұрмыста. Үлкен ұлымыз Сырым театрда режиссер. Бекзат – мемлекеттік қызметші. Абылайхан – музыкалық редактор. Кенжеміз Еркөкше – тарихшы. Бәрі де өнерге жақын. Өлең де шығарады. Бірақ ешқайсысы әке жолын қумады. Өз таңдауларын жасады.

Бір жағынан, әкелері сияқты сыздаған жараның бетінде жүрулерін қаламағаным рас.

– Әңгімеңізге рахмет.

Ұлы даланың ұлық мейрамы

Халқымыздың сан ғасырлық қатпарлы тарихын парақтайтын болсақ, ұлттық құндылықтарымыздың, мәдениетіміз бен төл әдебиетіміздің, ата дініміз бен ана тіліміздің тоталитарлық жүйенің аранына жұтылып кете жаздағанының куәсі боламыз. Ұлан-ғайыр даланың ұлтарактай жерін дұшпанның қолына бермеу үшін “түн ката жүріп, түс қашқан” баһадүр бабаларымыздың асқақ арманы бүгінде ақиқатқа айналып, рақымды Алла тағала бізге Тәуелсіздіктің рауандап атқан таңын көруді бұйыртты. Үш ғасырға жуық уақыт бойы ұлтымыздың өмірінен ғана емес жүрегінен жылыстауға шақ қалған қасиетті құндылықтарымыз еңселі егемендігімізбен

бірге қайта түлеп, өшкеніміз жанды, өлгеніміз тірілді. Ұлыстың ұлы күнінде шартарапқа сүйіншілей сауын айтып, Наурыз мерекесін ұлан-асыр тойлауымыз да тұғырлы Тәуелсіздіктің нәсіп еткен нығметтерінің бірі емес пе?

Иә, Наурыздың халқымызбен қайта қауышқанына, елімізде кеңінен тойлана бастағанына, міне, биыл отыз үш жылға аяқ басып келеді. Әр сәті ғасырға бергісіз осынау уақыттың бояу-бедерінде, жазушы Әбіш Кекілбаевтың тілімен айтсақ, “ортамыз толды, ойдағымыз болды”. Шын мағынасында жаңару мен жаңғырудың, береке мен молшылықтың құтты бастауына айналған Ұлыстың ұлы күнімен бірге еліміздің еңсесі көтерілді, жасампаздығы артты.

Осыдан жүздеген жылдар бұрын Ұлы дала төсін думанға бөлеп, алты сан алаштан алақайлатып сүйінші сұратқан әз Наурыздың тарихы бай, тамыры терең. Сондықтан да оның ұлт өміріндегі маңызы айрықша бөлек. Қазақ әдебиетінің көптомдығын зерделеп шықсақ, әз Наурыз мейрамы жайында халқымызда ең алғаш мағыналы деректер қалдырған біртуар тұлғалардың жазбаларын аз кездестірмейміз. Адамзат ақыл-ойының кемеңгері, данышпан Абай атамыз “Білер сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы” атты мақаласында: “Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурызнама қыламыз деп той-тамаша қылады екен”, – деп бұл мерекенің Табиғат-Анамен тамырласып жатқанын айтса, әйгілі Мәшһүр-Жүсіп Көпеев: “Қазақтың қазақ болғанда өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – наурызнама. Үйсін Төле бидің заманында наурызнаманың қадір-құны астан, **тойдан** ілгері болған”, – деп ой толғатады.

Әңгіме жанрының хас шебері Бейімбет Майлиннің:

“Қазан толы сары уыз,

Дастарқанда дәніміз,

Жайдарлымыз бәріміз

Көжесі көп, қыры көп

Қандай жақсы Наурыз!” – деп өрілетін өлеңін өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан кейін жарық көрген мектеп оқулықтары арқылы жаттап өстік емес пе?

Осы ретте, жоғары оқу орнында сабақ берген ұстазым, есімі елімізге белгілі ғалым, жерлесіміз Серік Негимовтің Ұлыстың ұлы күні сонау ықылымдағы батырлар жырында көрініс тапқаны туралы айтқан әңгімесі ойға оралады. Профессор бір дәрісінде былай деген еді: “Қобыланды батыр” жырында:

“Қаз жайлауын саз деймін,

Наурыздан соң жаз деймін.

Көлден ұшқан қаздаймын,

Наурыздан соң жаздаймын”, деген жыр жолдары кездеседі. Мұндағы “наурыз” парсы сөзі болғанымен, көне түркілерге, қазақтарға ерте заманнан кірігіп, сіңіп кеткендігін дәлелдейді. Қазақтар “Наурыздан соң жаз деймін” немесе “Наурыздан соң жаздаймын” деп наурыздың көктем мезгілі екендігін дәттеген, яғни көне түркілер, қазақтар Наурыз мерекесін жыл басы ретінде ғана емес, көктемнің, жылылықтың келуі, табиғаттың жаңаруы ретінде де тойлаған”.

Өкініштісі сол, “жетсе заман, қоймас аман” дегендей, 1926-27 жылдары бұл төл мейрамымызды үйіріліп соққан замана дауылы қатты шайқап, ұлтымыздың жадынан мүлдем өшіріп тастауға бекінді. Осылайша Наурыз мерекесі нақақтан-нақақ “кертартпа діни рәсімдер” қатарына жатқызылып, оны ресми тойлауға тыйым салынды. Көңіл түкпірінде туған еліне, жеріне, салты

мен мәдениетіне деген сезімнің сәулесі сөнбеген ата-әжелеріміз әз Наурызды әмбеге жариялауға жүрексінсе де, оны ошағы мен қазаны басынан аластатқан жоқ. Марғасқа Мағжан ақынның: “Қазақтың наурызы – дін мейрамы емес, тұрмыс мейрамы, шаруашылық мейрамы”, деп ой топшылағанын ескерсек, мұның тұтас ұлтқа қолдан жасалған озбырлық, қиянат екенін мойындамасқа амалымыз қалмайды.

Құдайға мың да бір шүкір, бүгінде Ұлыстың ұлы күні тұғырлы тәуелсіздігімізбен бірге түлеп, ай алмасып, жыл жылжыған сайын жаңа сипатқа ие болып келеді. Ең бастысы халқымыз ұлттық рухымызды оятатын, түркітектес болмысымызды айшықтап, гүлдендіре түсетін мереке ретінде Наурызды санасынан өшірмеді, жадынан көшірмеді. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев айтқан “ұлттық код” дегеніміз – міне, осы болса керек.

Қазір еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін Наурызды асыға күтеді. Ірі қалаларды айтпағанда, шағын елді мекендердің өзінде ақшаңқай киіз үйлер тігіліп, орталық алаңдарда басты жиындар өткізіледі. Қайсыбір жылы еліміздің оңтүстігіндегі облыстарда жасау-жабдығы түгел киіз үйлер қалашығы сән түзегенде ішіміз жылып, жанымыз жадырап қалған еді. Келесі жылы бұл үрдіс өзіміздің Қызылжар өңірінде де жалғасын тауып, Петропавл қаласының орталық алаңында облысымызға қарасты барлық аудан жабдықтаған киіз үйлер қойылып, этноауыл бой көтерді. Одан өзге қай үйге бас сұқпайық, Ұлыстың ұлы күнін мол жайылған дастарқанмен, **ізгі ниет, ақ тілекпен қарсы алып жатады. Тілі мен түрі басқа өзге этнос өкілдерінің өзі қазақтың ұлттық тағамдары бауырсақ пен наурызкөже пісіріп, қазан көтереді. Сөзін** ақиық ақын Мұқағали Мақатаев жазған:

“Наурыз, наурыз, күн игі!

Күні игі жердің – түрі игі.

Бауыры жылып науатқар,

Бабымен ғана жібиді.

Шашылып ырыс шанақтан,

Шақырып бір үй бір үйді,

Шаттанушы еді бір игі”, деп өрілетін “Наурыз айы туғанда” әнін жиналған жұртшылықтың бірі қалмай, қосыла шырқағанын көріп көңілім марқайған.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің: “Тәуелсіздік бәрінен қымбат” атты мақаласында: “Халқымызды біріктіретін ортақ құндылықтарды барынша дәріптеп, ой-санаға берік орнықтыруымыз керек. Мысалы, Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын жасап, көктем мерекесінің мазмұнын байыта түскен жөн. Бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады”, деген еді. Әлем халқын бір түйір тарының қауызына сыйдырып жіберердей әбігерге салған жаһандық пандемияға қарамастан, биылғы Наурыз мерекесі еліміздің барлық өңірлерінде ел Үкіметі қабылдаған жаңа тұжырымдама негізінде аталып өтілуде. Оның аясында наурыз айының он төртінші жұлдызынан жиырма үшінше дейінгі аралық арнайы атауларға ие болып, жаппай ұлттық киімдеріміз киіліп, ұжымдарда төл ойындарымыз ұйымдастырылып, көпшілік орындарда (сауда орталықтары, вокзал, әуежай, қонақүй, т.б.) ұлттық музыкаларымыз ойнатылуда. Жас ұрпаққа Ұлыстың ұлы күнінің маңызы жөнінде өсиет, өнеге айту мәселесі де ұмыт қалмақ емес. Осыдан-ақ, Наурыздың ажары да, мазмұны да өзгергенін аңғарамыз. Ғажап емес пе?

Елбасымыздың: “Келешекте жыл басын өзіміздің Наурыздан бастаймыз” деп айтқан сөзі әр қазақ

НҰР

баласының есінде болар. Сол күнді көретін уақыт та алыс емес-ау деп ойлаймын.

Нұргүл Әбдімұратқызы Оқашева 1990 жылдың 3 желтоқсанында Қызылорда облысы Арал ауданына қарасты Мергенсай ауылында дүниеге келген. 1997-2008 жылдар аралығында аталмыш ауылдағы №58 орта мектепте білім алады. 2008 жылы орта мектепті тамамдап, Астана қаласындағы Лев Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетіне оқуға түседі. 2012 жылы осы университеттің филология факультетін бітіреді. Астана қаласындағы «Топжарған» ақындар студиясының мүшесі. «Жүрегім жырдан ғана жаратылған», «Күз бен қыз» атты кітаптардың авторы. Бірнеше республикалық, облыстық мүшәйралардың жеңімпазы. Фариза Оңғарсынова атындағы «Өлең, мен сені аялап өтем!» атты республика ақын қыздары мүшәйрасының І орын иегері. Мұқағали Мақатаев атындағы «Поэзия, менімен егіз бе едің?» атты республикалық ақындар мүшәйрасының бас жүлдегері. Өлеңдері «Көкшетау жас ақындар антологиясы», «Қызырлы Қызылжар», «Қызылжар жас ақындарының жыр кітабы» жинақтарына енген, республикалық «Үркер», «Жұлдыз», «Тұмар», «Қазақ әдебиеті» сынды т.б. басылымдарда жарияланып тұрады. Бүгінде Солтүстік Қазақстан облыстық «Солтүстік Қазақстан» газеті бас редакторының орынбасары болып қызмет етуде.

Мазмұны

Бірінші бөлім	4
«Жүрекке мұңның мөрін таңба қылып...»	5
«Сізді іздедім...»	5
«Аздап бақыт, бар басымда аз қайғы...»	6
Өкініш	7
Құмыра	7
«Көп сұрақты... көкірек тұсымды ала...»	8
Өткен күн мен өкініш	9
Бақыт – құбыла.....	11
«Жүрегіме жамай бермей сынын да әр...»	12
«Жылағанда жұбанышым сен ғана...»	13
«Ескірмейтін естелігің едім мен...»	14
«Ерегістен тіктелмейді еңсеңіз...»	15
«Өміріңнің өтінде едім, тоңдым ба...»	15
Алтын жарым	16
«Жұлдыз тағы ағып түсті...»	17
«Мен тағы да жалғызбын...»	17
«Біз тағы да жасырынбақ ойнаймыз...»	19
«Несіне кездестік? Қоштасу үшін бе?...»	19
«Ынтыққан сезімді мәңгі үздік...»	20
«Маңдайға шер болып байланған...»	21
«Жағалау жанымды тербетті...»	21
«Ақымақ ару нөсер жауынға...»	22
«Жиып жүрген жалғанның кінә, шерін...»	23
«Ырғатылып желдің салған әніне...»	24
«Жағалау сырға күпті...»	25
«Арқама ауыр жүк артып...»	25
«Қызылжардың аспаны ағыл-тегіл жылайды»	26
«Сынайды да екен ғой өмір бұлай...»	27
«Күзге айтып ем сағыныпшымның салмағын...»	28
«Қайтайықшы серуендеп қаланы...»	29

«Сүйіп тұрып сүйемін деп айта алмай...»	30
«Сұрайсыз ба халімді...»	31
«Көз алдымда дүние құбылардай...»	31
«Уысынан шыға алмай бар мұңның...»	32
«Көнбейтінін білесің ар айлаға...»	32
«Әдемі едім, аппақ едім, арлы қыз...»	33
«Емінен шықпайсыз, ойымнан кетпейсіз күні-түні...»	34
«Сіз кеттіңіз...»	35
«Жасырынып күн сайын жанарға мұң...»	35
«Өгей үміт...»	36
«Өлең сүйген өрімдей ем...»	36
«Түн қойнынан тағы мұң боп түледім...»	37
«Тағы да түн...»	37
«А-а-а, мен бе, сол мұңаю, төзу деген...»	38
«Менен алыс қуаныш, алыс қайғы...»	39
«Бір бақытты басымызға теліп ел...»	40
«Мендегі әдемі арманның, үлпілдек үміттің...»	41
«Пендемін...»	42
«Бәрінен көңілім қап, бәрінен безіп денем...»	43
«Мені неге жылатасыз...»	45
«Көңіліме көш қондырды күзгі күн...»	45
«Енді Сізге еркелей де алмаймын...»	46
«Қуанта алмай қайыры жоқ сезімді...»	47
«Көңілім қап көн өмірден аз ғана...»	48
«Сіз де мені ұмыттыңыз, сүйіктім...»	49
«Шырқай алмай Сізге арнаған әнімді...»	49
«Жан дүниеме, тек сіз ғана егесіз...»	50
«Анау қатын ғайбаттап жүр сыртымнан...»	50
«Аяғымнан шалып қалып бір адам...»	51
«Мен білсеңіз Сізден де өткен кесірмін...»	51
«Мына жолдар апармайды өзіне...»	52
«Ақ жапалақ жауып жатыр алаңсыз...»	53
«Көңілім күй тартты төгіліп...»	53

«Таңсық бөтен көрінеді кімдерге...»	54
«Қыла алмай жоққа сабыр, барға шыдам...»	55
«Айтатындар айта берсін, сөз қылып...»	55
«Кім ұғар жанымды ақ сүйген...»	56
«Тәтті армандар жалғанбай ма, өше ме?...»	57
Мұқағалидың монологы	58
Ана тіл	59
«Өлшеймін немен өлшеймін нарқын...»	60
«Көріңді де жан дүниемді от қылдың...»	61
«Бір-ақ сөзің естілді де...»	62
Екінші бөлім	63
«Қараңғы қазақ көгіне...»	64
Жан жарасы	71
«Ғұмыры сөйлеп өтті ар тілінде...»	78
Дулыға	88
Оқжетпесі өлеңнің	93
Ұлы даланың ұлық мейрамы	96
Өмірбаян	102

Редакторы: **Жанар Сүлейменова**

Корректоры: **Айгүл Хамзина**

Дизайнері: **Глебова Марина**

Компьютерде беттеген: **Мамельбаева Махфуза**